

• ФОРУМ

Кәсіпкерліктің көкжиегі кең

Қарағанды бизнес қауымдастығы үшін биылғы күз ерекше серпінмен бастау алды. Өңірдің іскер ортасын бір алаңға тоғыстырған Leasing Day 2025 форумы тың мүмкіндіктер мен нақты шешімдердің алқалы алаңына айналды. BCC Leasing компаниясының бастамасымен, облыс әкімдігі мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен өткен мазмұнды жиынға 200-ден астам кәсіпкер, мемлекеттік құрылымдар мен қаржы ұйымдарының өкілдері жиналды. Сөз бизнестің бәсін бәсірелі деңгейге көтерудің нақты құралдары жөнінде қозғалды.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көнігі кәсіпкерлер үшін лизингтің бизнес аясын кеңейтуге қалай көмектесетіні қызығушылық тудырды. Форум қатысушылары лизингті бизнесті дамыту мен жаңа өндірістік қуаттар алудың қолжетімді қаржыландыру тетігі ретінде талқылады. Мінберден облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков, «ЦентрКредит банкі», BCC Leasing, BCC Life және «Даму» қорының өкілдері сөз сөйледі. Мысалға келтірсек, салықтық жеңілдіктер, мемлекеттік қолдау бағдарламалары және жабдық сатып алудағы үнем тетіктері туралы егжей-тегжейлі баяндалды. Ерекше назар лизинг арқылы дамыған кәсіпорындардың үздік тәжірибесіне аударылды.

– Аймағымызда әрбір үшінші жұмыс орны шағын және орта кәсіпкерлік тарабынан ашылған. Өңір өмірінде жүз мыңға тарта кәсіпкер жемісті еңбек етіп келеді. Әлбетте, әр саналы кәсіп иесі үшін лизинг тетігінің мән-маңызы зор болмақ. Осы тұрғыда мемлекеттік қолдау шаралары да экономикаға оң ықпал етіп жатқандығын атап өткен ләзім. Мәселен, субсидиялық қолдау 400 млрд теңгеге құрады. Мұның үш миллиарды жергілікті бюджеттен бөлінді. Бүгінде атаулы әріптестерімізбен 700 млн теңгелік 12 бизнес бастама қолдау тапты. Саладағы тұрақты өсім өткен тоғыз ай ішінде 7%-ды құрап тұр. Әр кәсіпкер өзін толғандырған сұраққа дәл осы алаңда жауап табады деген сенім білдіреміз, – деді облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков.

тын сақтау және де кей жағдайларда қосымша құн салығынан босатылу сынды теңгерімді тетіктер бизнестің батпан жүгін жеңілдететін, тездететін артықшылықтар ретінде аталды. Мұндай амалдар легі лизингті кез келген ауқымдағы компания үшін сенімді серікке айналдыра бермек. Көптеген кәсіпкерлер ірі инвестициясыз-ақ жаңа техника мен заманауи жабдыққа қол жеткізе алады келер күндерде. Аймақ болса, өркенді өндіріс пен өнеркәсіптің қалың ортасы. Мұнда да лизинг өзектілігін жоймады. Тау-кен, машина жасау, логистика, ауыл шаруашылығы мен энергетика салаларындағы кәсіпорындар үшін лизинг жабдықты бірден сатып алмай-ақ, өндіріс әлеуетін арттырудың заманауи тәсілі. Айтып-айтып келгенде, форумда әйгі болған ордалы ойлардың түйіні бір: лизинг – экономикалық өсім мен жаңғырудың катализаторы.

– Бүгінгі лизинг дегеніміз тек арнаулы және агротехника ғана емес, оған жылжымайтын мүлікті де қосып қоялық. Мәселен, бір қарағандылық әріптесіміз лизингке коммерциялық нысан алғандығы туралы бейнекейсіміз де бар. Жағымды жаңалық емес пе?! Лизинг сөресі ұлғайып келеді. Сондықтан, нақты тұтынушы портретін бірден анықтай алмаймыз. Бағыт та әр алуан. Лизинг нарығы күн санап өсіп барады. Келер күндерде де қазыналы Қарағандыдан бастау алған лизинг күнін өзге қалаларда жалғастыра түспек ниетіміз бар, – деп ой бөлісті BCC Leasing компаниясының басқарушы директоры Емілхан Биомбаев.

Алқалы жиын еліміздің қаржы секторының 2030 жылға дейінгі даму жоспарларымен үндесіп өтуде. Құжатта лизинг кәсіпкерлікті қолдаудың маңызды тетігі ретінде айқын көрсетілген. Leasing Day 2025 бизнес пен қаржы ұйымдарының, сондай-ақ, мемлекеттің бір мақсатқа кәсіпкерлікті заманауи қаржылық шешімдер арқылы қолдауға дайын екенін дәйекті дәлелдеді. Ұйымдастырушысы BCC Leasing компаниясы болса, толықтай «ЦентрКредит банкі» құрылымына кіре отырып, Қазақстандағы лизинг нарығының көшбасшысы саналады. Биылдың шілдесіндегі деректерге сәйкес, компания кредиттік портфель көлемі мен «Даму» қоры арқылы субсидиялау көрсеткіші бойынша бірінші орында. Былтырдың өзінде BCC Leasing кәсіпкерлерге 20 миллиард теңгеден астам субсидия бөлген. Бүгінде компания еліміздің 20-дан астам қаласында жұмыс істеп, 100-ден аса жеткізушімен серіктестік орнатқан. 3000-нан астам техника бірлігін қаржыландырған. Leasing Day 2025 қазыналы Қарағанды бизнесі үшін соны мүмкіндіктер мен серіктестік көпіріне айналмақ. Мазмұны жағынан да өңір кәсіпкерлерінің сенімін күшейтіп, ел экономикасындағы лизингтің болашағын нақтылаған сәт ретінде есте қалары аян. Суретті түсірген автор

• САЙЛАУ – 2025

Сайлауға сақадай сай

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман бастаған делегация кеншілер өлкесіне жұмыс сапарымен келді. 26 қазанда өтетін мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды ұйымдастыру және өткізу барысымен танысты. Бұл саяси науқан – елдегі сайлау жүйесінің тиімділігі мен әділдігін тағы бір мәрте сынақтан өткізетін маңызды кезең болмақ.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Делегация құрамында ОСК мүшесі Ләззат Сүйіндік пен комиссия аппаратының жауапты қызметкерлері болды. Мұхтар Ерман мен делегация мүшелері алдымен, Қарағанды қаласындағы №14 округтік, №76, 77, 78 учаскелік сайлау бөлімшелерінде және Бұқар жырау ауданы Новоузенка ауылындағы №11 округтік, №464 учаскеде болып, дайындық барысымен танысты.

– Бізде 2 848 сайлаушы тіркелген. Олардың барлығына шақыртулар жіберілді. Бұл учаске тұрғындарының басым бөлігі – мектеп оқушыларының ата-аналары. Өрі түлектеріміз де дауыс береді. Денсаулығына байланысты келе алмайтын он шақты азаматтың үйіне барып, дауыс қабылдаймыз, – деп атап өтті №77 сайлау учаскесінің төрағасы Ардақ Төлендіқызы.

Кеңес барысында сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық жарактандырылуы, дауыс беру процесінің қауіпсіздігі, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдай жасау, сайлаушыларды ақпараттандыру мәселелері егжей-тегжейлі талқыланды.

Мұхтар Ерман өз сөзінде сайлау процесінің әр кезеңінде заңдылық пен ашықтықты сақтау қажеттігін ерекше атап өтті.

– Бұл бірінші рет өтіп жатқан сайлау емес. Мамандар тәжірибелі, дайындық жақсы. Учаскелерді тексеріп, көзіміз жетті. Барлығы заң аясында өтеді. Бақылаушыларға ашықтық қамтамасыз етіледі. Сайлаушылар үшін де барлық жағдай жасалған. Құпия дауыс беруге арналған кабиналар орнатылып, қажетті құралдармен жабдықталған. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін арнайы жағдайлар қарастырылған, – деді Мұхтар Ерман.

Дерекке сүйенсек, облыс аумағында шығып қалған депутаттардың орнына 4 мәслихат депутаты сайланады. Бұл мақсатта 4 аумақтық, 4 округтік және 19 учаскелік сайлау комиссиясы жұмылдырылған. Жал-

пы саны 187 комиссия мүшесі жұмысқа тартылып отыр.

Жиында облыстық деңгейдегі жауапты тұлғалар алдағы сайлауға дайындық барысы туралы есеп берді. Атап айтсақ, кеңеске қатысушылар қатарында ОСК мүшесі Ләззат Сүйіндік, ОСК аппараты өкілдері, Қарағанды облысы әкімінің аппараты, прокуратура, ішкі істер, төтенше жағдайлар және әлеуметтік сала басқармасының басшылары және сайлау комиссияларының мүшелері болды.

Жиын барысында Мұхтар Ерман бұл сайлау барысында мүдделіктің бар азаматтардың дауыс беру құқығы толығымен қамтамасыз етілуі тиіс екендігін, қажетті инфрақұрылым мен ақпараттық материалдар дайындаудың әлеуметтік қызметтердің ғана емес, сайлау комиссияларының да жауапкершілігінде екенін айрықша атап айтты.

2025 жылғы 26 қазанда өтетін сайлау ашық әрі әділ өтуі үшін Орталық сайлау комиссиясы мен облыстық аумақтық сайлау комиссиясы бақылаушыларды аккредиттеу жұмыстарын аяқтаған. Қазір Орталық сайлау комиссиясы – 7 қоғамдық бірлестік пен коммерциялық емес ұйымды, облыстық аумақтық сайлау комиссиясы – 17 қоғамдық ұйымды бақылаушы ретінде тіркеген.

– Бақылаушылардан үрқудің қажеті жоқ. Керісінше, бұл ұйымдардың өкілдерімен бірлесе, заң шеңберінде жұмыс істеуіміз керек. Басты міндет – сайлауды таза, әділ және заң аясында өткізу. Халықтың сенімін ақтауымыз қажет, – деді ол Мұхтар Ерман.

Сапар барысында сайлау комиссиялары мүшелеріне арналған семинар-тренинг де өткізілді. Онда Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы Конституциялық заңның нормалары түсіндіріліп, практикалық жағдайларда комиссия мүшелерінің әрекет ету алгоритмдері талқыланды. Мұндай семинарлар сайлау процесіне қатысушы мамандардың құқықтық сауаттылығын арттырып, сайлау науқанының сапалы өтуіне жол ашатынын атап өткен жөн.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Білім мен спорт қатар дамиды

Қазіргі жаһандану дәуірінде дене шынықтыру мен спорттың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Осы орайда Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінде «Білім беру саласындағы спортты дамытудың базалық негіздері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Онда саланың өзекті мәселесі ортаға салынып, ғылыми жобалар талқыланды. Өрі тың жобалар да ұсынылды. Сонымен қатар, арнайы шақыртылған Санкт-Петербург қаласындағы П.Лесгафт атындағы Ұлттық мемлекеттік дене шынықтыру, спорт және денсаулық университетінің мамандары баяндама жасап, тәжірибелерімен бөлісті. Осы бір конференцияның өтуіне Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері, дене шынықтыру және спорт басқармасы алқасының төрағасы Ерлан Досмағамбетов ұйытқы болған.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияға облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының өңірдегі қала мен ауданындағы спорт бөлімдерінен 450-ден астам өкіл қатысты. Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ректоры Ерқара Аймағамбетов сөз алып, көпшілікке алғысын жолдады.

– Мұндай конференцияны бірінші мәрте өткізіп отырмыз. Өрі бұл республика көлемінде ұйымдастырылуда. Осыдан бір-



неше жыл бұрын университетімізде «Спорттық менеджмент» мамандығын аштық. Бұл мамандық – республика бойынша бірінші болып ашылған. Бүгінде жыл сайын осы мамандыққа оқуға түсушілердің қатары артып келеді. Мектеп, колледж тарапынан көптеген ұсыныс та бар. Өрі біз түлектерді осы мамандық бойынша толық оқыту үшін жаңадан оқу бағдарламасын әзірледік. Ресейде ұлттық университет бар. Сол оқу орнының басшылығымен қарым-қатынас орнатып, осы жаңа оқу бағдарламасын бірлесе әзірлеген болатынбыз, – деді Ерқара Балқараұлы.

Аталған мамандықты ашу барысында

оқу орнының халықаралық серіктестік байланыстары, заманауи материалдық-техникалық базасы, кәсіби білім беру бағдарламалары мен білікті профессорлық-оқытушылық құрамы ерекше ескерілген. Университет ректоры өз сөзінде осы бір бастаманың жүзеге асуына қолдау көрсеткен Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, дене шынықтыру және спортты басқару алқасының төрағасы Ерлан Досмағамбетовке арнайы ықыласын білдірді. Сонымен қатар, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев те конференцияға қатысып, жылы лебізін білдірді.

Өрі өз сөзінде университеттің спорттық білім беру саласындағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретінде қалыптасып келе жатқандығын баса айтты.

Конференция аясында университет ректоры Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетімен өзара меморандумға қол қойды. Сонымен қатар, Қарағанды қалалық дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерімен де өзара әріптестік туралы келісімге келді. Бұл меморандум білім, ғылым және спорт саласындағы ынтымақтастықты кеңейтіп, ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыруға бағытталған. Өрі тәжірибе алмасуға, болашақ мамандардың кәсіби дайындығын арттыруға үлкен мүмкіндіктер қарастырылған.

Конференция барысында ресейлік ұлттық университеттің халықаралық ынтымақтастық басқармасының жетекшісі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Светлана Росенко өз баяндамасын жасады. Ол баяндамасында заманауи спорт менеджерінің кәсіби құзыреттілігі, басқару мәдениеті, халықаралық тәжірибе және білім беру бағдарламаларын интеграциялау мәселесін көтерді. Сонымен қатар, Еуропалық және ресейлік жоғары оқу орындарының үздік тәжірибесімен бөлісіп, бағыт-бағдар нұсқады.

– Біз бұл семинарға тектен тек келгеніміз жоқ. Спорттық менеджмент, спорттық психология және спорттық реабилитация секілді білім беру саласындағы жаңа бағыттарға ғылыми талдау жүргізу мақсатында келдік. Өрі өзара тәжірибе алмасуымыз да бар. Бұл сала терең зерттеуді қажет етеді. Қазақстанда бұл бағытты дамытуда әлеуеті жоғары. Ал, осындай басқосулар жаңа идеяның пай-

да болуына ықпал етеді. Осы кездесу қос оқу орны арасындағы ынтымақтастықты дамытуға серпін беретініне кәміл сенемін, – деді Светлана Иванова.

Бұдан кейін аталған университеттің А.Пуни атындағы психология кафедрасының меңгерушісі, психология ғылымдарының кандидаты, доцент Елена Хвацкая сөз алды. Маман өз баяндамасында кәсіби спорттан кейінгі өмірге бейімделудің, спорттан тыс уақытта жинақталған дағдыларды тиімді қолданудың жолдарына тоқталды. Әлбетте, кез келген турнирден кейін әр спортшы белгілі бір уақыт аралығында демалады. Сол уақытта спортшылармен психологиялық тұрғыдан да жұмыс істеу қажет. Осы бағытта жасаған жұмысын ортаға салған Елена Хвацкаяның баяндамасы көптің қызығушылығын тудырып, талқыға түсті.

Ал, Қарағанды медициналық университетінің профессоры Тоғжан Қыстаева мен Астана медицина университетінің реабилитология және спорттық медицина кафедрасының меңгерушісі Наталья Сливкина баяндама жасады.

Бір күнге созылған конференцияда саланың барлық өзекті мәселесі талқыланды. Университет базасында спорттық менеджмент, спорттық психология және спорттық медицина бағыты бойынша жаңа білім беру бағдарламасы ашылады деп жоспарланды. Келешекте осы оқу бағдарламасымен болашақ спорт менеджерлері, дәрігерлер мен психологтар білімін жетілдіреді деп күтілуде. Ал, мұндай бастама бұқаралық спорттың деңгейін көтеруге септігін тигізбек.

Сурет университеттің баспасөз қызметінен



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТИП

Жастар жемқорлыққа қарсы

Бұқар жырау аудандық Мәдениет үйінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – жастардың таңдауы» тақырыбында құқықтық форум өтіп, оған түрлі сала өкілдері, жастар ұйымдарының мүшелері мен студенттер қатысты.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл шараның – мақсаты жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру, азаматтық ұстаным мен әділдікке, парасаттылыққа баулу, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларын қолдау.

Жиын барысында оған қатысушылар осы мәселелерді талқылап, өз пікірлерін ортаға салды. Ал, бұл тақырыпта сөйлеген сөзінде Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры, халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізу жөніндегі жетекші аудитор Серікжан Байбосынов жастар арасында адалдық пен әділдік құндылықтарын нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Ал, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ұсынған комплаенс офицер, тәуелсіз заңгер, Қазақстан Республикасы Заңгерлер одағының мүшесі Сансызбай Нұрбақыт «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – дамыған өркениет белгісі» тақырыбында баяндама жасап, жиын соңында панельдік талқылау өткізіліп, оған қатысушылар парасаттылық пен әділдік құндылықтарын дәріптеу жолдарын талқылады.

Қоғамды жегідей жейтін жемқорлықтың жолын кесу үшін жұдырықтай жұмылу – бүгіннің талабы. Мемлекеттің дамуы көшіне орасан кесел келтіретін бұл дертке шалдықпаудың амалын әр ұйым-ұжым ұдайы қарастыруы қажет. Ертеңгі күні елдің сенімге селкеу түсірмеу – міндет.

Бұқар жырау ауданы

• 18 ҚАЗАН – РУХАНИ КЕЛІСІМ КҮНІ

Тұрақтылық пен тұтастықтың тұтқасы

Рухани келісім – Қазақстан халқының бірлігі мен өзара түсіністігін бейнелейді. Бұл – еліміздегі түрлі этнос пен конфессия өкілдерінің бейбіт өмір сүруі, өзара құрмет, мәдениетін нығайтудың символына айналды. Мемлекет үшін діни сенім, бостандық, азаматтардың ар-ождан құқығы – басымдықтардың бірі. Еліміздің басты байлығы – татулық, тұрақтылық және келісім. Осы құндылықтар Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының негізі.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа қазақстандық тәжірибе

Қазіргі геосаяси жағдай әлем елдерін қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің балама жолдарын іздеуге жетелейді. Қалыптасқан әскери қауіпсіздік концепциялары өз тиімділігін шектеп жатқан заманда, Қазақстан «жайлы қауіпсіздік» (soft security) деп аталатын жаңа үлгіге негізделген бірегей модель қалыптастыруда. Бұл – мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның, оның ішінде, азаматтық сектордың, діни бірлестіктердің, жастар ұйымдарының, сараптамалық орталықтардың ортақ жауапкершілігін көздейтін серіктестікке негізделген тәсіл. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында азаматтық қоғамды дамытуды, қоғамдық келісімді нығайтуды және оған төнетін қауіптің алдын алу шараларын күшейтуді еліміздің ұзақ мерзімді тұрақтылығының негізгі факторлары ретінде айқындады. Бұл білім беруден бастап, діни саясат пен ақпараттық қауіпсіздікке дейінгі барлық салада нақты іске асуда.

Дерекке сүйенсек, екі жыл бұрын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен іске қосылған «Серіктестік арқылы бейбітшілік: Қазақстанның өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі» жобасы еліміздегі қауіпсіздіктің жаңа үлгісінің практикалық негізіне айналды.

Бұл жоба алғаш рет мемлекеттік органдарды, үкіметтік емес ұйымдарды, халықаралық серіктестерді және сарапшылар қауымын бір ортаға тоғыстырып, гуманитарлық қауіпсіздік пен алдын алу шараларын жүйелі түрде іске асыратын тұрақты алаң құрды. Осы жұмыс нәтижесінде Қазақстан ҰЕҰ Консорциумы дүниеге келді. Бүгінде Консорциум 20-дан астам үйымды біріктіріп, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауда, діни радикализм мен экстремизмге қарсы алдын алу жұмыстарын жүргізуде жетекші рөл атқарып отыр.

Жобаның табысты жүзеге асырылуы оның халықаралық деңгейде мойындалуына да жол ашты. Консорциум мен Ұлыбританиядағы ConnectFutures қоры арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум, Search for Common Ground, Internews, The London Post



секілді беделді ұйымдардың қолдауы – Қазақстан тәжірибесінің сұранысқа ие екенін аңғартады.

Атап айтқанда, Internews ұйымының медиасауаттылық бағытындағы жұмысы өңірлік қауіпсіздік пен жастарды қорғауда ақпараттық қауіпсіздіктің рөлін ерекше көрсетті.

– Қазақстанда бүгінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің жаңа үлгісі құрылып жатыр. Бұл – сенім мен серіктестікке негізделген жүйе. Облыс аумағында біз діни бірлестіктермен, жастар ұйымдарымен, жергілікті әкімдікпен тығыз байланыста жұмыс істейміз. Азаматтық борышын, нақты жұмысын адал орындау – бұл әр ұйымның, әр азаматтың жауапкершілігі. Біз радикализмге қорқынышпен емес, біліммен жауап беруіміз керек. Консорциум осы жолда нақты нәтижелерге жеткен, әлемдік деңгейде мойындалған платформаға айналды, – деді «Қазақстан азаматтары» қоғамдық бірлестігінің директоры Дмитрий Полтаренко.

Келісім – тұрақтылық тірегі

Қоғамдық тұрақтылық пен әлеуметтік келісім – ел дамуының басты алғышарттарының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында елдегі конфессияаралық татулық пен этносаралық бірлікті сақтаудың маңыздылығын ерекше атап келеді. Президент тапсырмасына сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде дінаралық келісімді нығайту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Сол қатарда Қарағанды облысы конфессияаралық келісім мен діни әртүрлілікке құрметпен қараудың жарқын үлгісі болып отыр.

Қарағанды – Қазақстанның ең көпұлтты және көпконфессиялы өңірлерінің бірі. Мұнда 100-ден астам эт-

нос өкілі мен 15 түрлі діни конфессияның өкілдері бейбіт әрі тату өмір сүріп келеді. Бұл демографиялық ерекшелік әрі аймақтың рухани байлығы мен азаматтық санасының биік деңгейін көрсетеді.

Бүгінде облыс аумағында 286 діни бірлестік тіркелген, олардың қарамағында 235 діни нысан жұмыс істейді. Бұл – аймақ тұрғындарының діни сенім бостандығына толық қолжетімділігін көрсететін нақты көрсеткіш.

Діни сан алуандылықты дұрыс бағытқа бұру, оны тұрақтылықтың факторы ретінде пайдалану – облыстық дін істері басқармасының күнделікті жұмысының өзегі.

– Қарағанды облысында конфессияаралық келісім мен діни төзімділік – мемлекеттік саясаттың бір бағыты әрі өмір сүру салтымыздың бір көрінісі. Барлық діни бірлестіктермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз, олардың құқығы мен мүддесін қорғап, өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың негізінде дамуға күш саламыз. Мемлекет басшысы қойған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында дін саласындағы саясатты жаңғыртуға, діни экстремизм мен радикализмнің алдын алуға бағытталған нақты шаралар қабылдануда, – дейді облыстық дін істері басқармасының басшысы Жанболат Сектай.

Басқарма ұсынған дерек бойынша, 2025 жылдың өзінде облыста 5 149 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өткізіліп, 300 мыңнан астам адам қамтылған. Бұл – діни сауаттылықты арттырып қана қоймай, халық арасында өзара құрмет пен бейбіт өмір сүру мәдениетін орнықтыруға бағытталған кешенді жұмыстар.

Диалог – дінгек

Облыста діни бірлестіктер арасындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылады. Осы бағытта облыс ау-

мағындағы діни бірлестіктер клубы табысты жұмыс істеп келеді. Бұл клуб түрлі конфессия өкілдері арасындағы ашық диалогты дамытуда, бейбітшілікті насихаттауда маңызды.

2025 жылы клуб 6 отырыс өткізіп, 62 қайырымдылық шарасын ұйымдастырған. Сонымен қатар, діни ұйымдар мемлекеттік мерекелер мен қоғамдық шараларға белсене атсалысып жүр. Бұл дәстүр қоғамдағы өзара түсіністік пен рухани тұтастықты нығайтуға ықпал етуде.

Діни келісімді нығайту жолында азаматтық қоғам институттарының да рөлі айрықша. Олар мемлекеттік құрылымдармен иықтаса жұмыс істеп, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосып келеді.

– Облыстағы түрлі конфессия өкілдері қатар өмір сүрумен бірге, бір-бірін құрметтеуді, ортақ мәселелерді бірлесіп шешуді үйренген. Бұл – ұзақ жылдар бойғы сенімге, өзара құрметке негізделген еңбектің нәтижесі. Азаматтық қоғам ретінде біз мемлекеттің бастамаларын қолдап, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге, жастармен, ата-аналармен, діни ұйымдармен жұмыс істеуге дайынбыз. Бұл ортақ міндет – ел тұрақтылығы үшін әр азаматтың жауапкершілігі, – дейді Дмитрий Полтаренко.

Тәуелсіз зерттеу ұйымдарының 2025 жылы жүргізген әлеуметтік сауалнамалары Қарағанды облысындағы конфессияаралық келісімнің жоғары деңгейін нақты көрсетіп отыр. Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 92,1%-ы діни төзімділік идеясын қолдайтынын және бұл қоғам тұрақтылығына тікелей әсер ететінін айтқан.

Бүгінде аймақ келісім мен рухани тұтастықты сақтаудың озық үлгісін көрсетіп отыр.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘЛЕУМЕТ


Инклюзиядағы цифрландыру игілігі

Әр адамның өз орнын тауып, қоғам өміріне тең мүмкіндікпен араласуы – өркениетті елдің басты өлшемі. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында соңғы жылдары өңірде инклюзия мәселесіне баса назар аударылып, игі жұмыстар атқарылып келеді. Ерекше балаларға арналған мектептер салынып, арнайы сыныптар мен шығармашылық орталықтар жасақталып, түрлі әлеуметтік жобалар жүйелі түрде қолға алынууда. Ал, цифрлық технологиялар бұл үдеріске тын серпін танытып, ата-аналар мен педагогтерге оңтайлы шешім ұсынып келеді.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазір аймақта ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін 20 313 бала бар. Олардың 17 148-і, яғни, 85 пайызы, арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау мен ерте түзету қызметімен қамтылған.

Соңғы жылдардағы жүйелі жұмыстың айғағы ретінде бүгінде өңірде 10 арнайы мектеп-интер-



нат, 3 балабақша, 6 психологиялық-педагогикалық қолдау орталығы және 10 түзету кабинеті жұмыс істейді. Қарағанды, Теміртау, Шахтинск және Балқаш қалаларындағы орталықтар балаларға диагностика және психологиялық бағыттар бойынша қызмет көрсетеді. Облыс әкімінің тапсырмасымен жыл соңына дейін Бұқар жырау ауданында тағы бір жаңа оңалту кабинеті ашылмақ.

Қарағанды қаласындағы №4 мектеп-интернатында ақыл-ой да-

муы тежелген балаларға арналған арнайы сыныптар жұмыс істейді. Сондай-ақ, №1 арнайы мектеп-интернатында көру қабілеті төмен балаларға арналған төрт бастауыш сынып жұмыс істейді.

Мұндай бастамалар арқылы білім беру жүйесінің инклюзияға бейімделіп, әр баланың әлеуетін ескеруге бет алғанын аңғара аламыз.

Жаңа үлгідегі «Келешек мектептері» жобасы да ерекше балаларға барынша қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Мұндай заманауи мектептерде кең дәліздер, пандустар мен лифтілер, тактильді жолақтар, Брайль шрифтіндегі белгілер бар. Жаңа оқу жылында Балқашта ашылған жаңа №12 мектеп – соның айшықты үлгісі.

– «Келешек мектептері» жобасы аясында салынған мектебіміз инклюзивті білім беруге толық дайын. Қазірдің өзінде екі бала психологиялық-педагогикалық қолдау орталығының бақылауында оқуда, – дейді №12 мектеп директоры Гүлзада Манатаева.

Облыстың білім басқармасының дерегіне сүйенсек, бүгінде балабақшалардың 91 пайызы, мектептердің 93 пайызы, ал, колледждердің 100 пайызы инклюзивті оқытуға бейімделген.

Өңір бойынша 54 қолдау кабинеті жұмыс істейді. Мәселен, Қарағандыда – 16, Шахтинскіде – 7, Шет ауданында – 13 кабинет бар. Онда пандустар, тактильді белгілер, ақпараттық такталар орнатылып, психологтар, логопедтер, дефектологтар мен педагог-ассистенттер жұмыс істейді. Ал, 12 ресурстық орталық ерекше балалар мен педагогтерге әдістемелік көмек көрсетеді. Олардың екеуі облыстық деңгейде (Қарағандыдағы №27 мектеп және Аутизм

орталығы), қалғандары аудандық және қалалық деңгейде.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры – ЮНИСЕФ қолдауымен енгізілген «Цифрлық инклюзия» жобасы Қарағанды мен Теміртауда нақты көрініс тапты. Бұл жоба аясында ерекше балалар арнайы цифрлық құрылғылармен, оқу бағдарламалары мен онлайн консультацияларға қол жеткізген. Нәтижесінде, олардың оқу процесіне қатысу белсенділігі 20 пайызға артқан.

Сонымен бірге, «Отбасының цифрлық картасы» жүйесі әлеуметтік қолдауды жеңілдетті. Ендігіде ата-аналар мемлекеттік қызмет пен жәрдемді онлайн түрде, өтінішсіз ала алады. Тек соңғы бір жылда бұл жоба арқылы 49 мыңнан астам тұрғын көмекке қол жеткізген.

– Цифрлық технологиялардың арқасында біз әр баланың даму динамикасын нақты бақылап, оқу жоспарын жекелей түзете аламыз. Бұл арқылы инклюзивті білім берудің сапасы артқанын көре аламыз, – дейді Қарағандыдағы Педагогикалық-медициналық-психологиялық консультация орталығының директоры Жанар Ержолова.

Менталды ерекшелігі және

мүгедектігі бар 16 жастан асқан азаматтарға арналған «Бізбен бірге бол!» атты интеграциялық орталық пилоттық жоба ретінде аймағымызда ауқымды жұмыс атқарып келеді.

Мұнда әлеуметтік бейімделу мен кәсіби даму бағытындағы бағдарламада арт-терапия, тігін және колөнер шеберханалары, йога мен би сабақтары оқытылады. Қызметкерлер қатарында психологтар, әлеуметтік қызметкерлер мен заңгерлер бар.

– Дамудың ерте-кеші жоқ. Біз бұл орталықты ашуға бес жыл уақытымызды сарп етсек те, ақыры өз мұратымызға қол жеткіздік. Интеграциялық орталықтың негізгі миссиясы – ерекше жандарға қауіпсіз әрі даму ортасын қалыптастыру, – дейді жобаның жетекшісі, «ACET inclusive» қоғамдық бірлестігінің директоры Әсел Бекбаева.

Инклюзияны цифрландыру – әлеуметтік саясаттың жаңа тетігі. Ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерді бөле жармай, оларды тұрмысқа бейімдеп, қоғаммен тең өмір сүруіне жол ашу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• 19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

Қауіпсіздік қалқаны

Биыл елімізде Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты құрылымдар 30 жылдығын атап өтуде. Үш онжылдық ішінде құтқарушылар ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ауқымды жетістіктерге жетіп, талай сын сағатта ерлік пен кәсіби шеберліктің үлгісін көрсетті. Сондықтан, бұл жылдар осы салада қызмет атқарып жүрген мыңдаған құтқарушылардың батылдығының айқын көрінісі іспетті.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көптеген жас буынға үлгі ерлердің бірі – Қарағанды облысына қарасты Төтенше жағдайлар департаментінің №19 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы – Қазбек Қабдығаниев. 1995 жылы Бұқар жырау ауданында дүниеге келген ол 2016 жылдан бері құтқарушылар қатарында абыройлы қызмет атқарып келеді.

Қызмет барысында Қазбек талай өрт пен апаттық-құтқару жұмыстарында кәсіби біліктілігі мен батылдығын дәлелдеді. Әрбір шақырту – адам өмірін қорғау, қауіптің алдын алу, қоғам алдындағы жауапкершіліктің сын сәті екені белгілі. Бұл мамандықта темірдей тәртіп пен жоғары физикалық дайындық та қажет. Қазбек осы талаптарға толық сай келіп, қазіргі таңда міндетін аса жауапкершілікпен атқарып жүр.

Құтқарушының күнделікті өмірінде спорт маңызды орын алады.

13 жасынан бастап, қазақ күресімен айналысып, бүгінде Қазақстан Республикасының спорт шебері атанған ол еңбек пен спортты қатар ұштастырды.

Жалынның ортасында адам өмірін арашалаған ер, ұлттық спорттың дамуына да үлес қосып жүрген азамат. Оның өмірлік ұстанымы – елге қызмет жолында қауіпсіздік пен бейбіт өмірді сақтау.

Бұл орайда Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығы – тек бір мекеменің мерейтойы емес, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде күн-түн демей тер төгіп жүрген әрбір құтқарушының еңбегін ескеру сәті. Қазбек сынды жастың өмір жолы – осы мамандықты абыроймен атқарып жүрген әрбір жастың айқын еңбегінің дәлелі.

Сурет кейінкердің жеке мұрағатынан

Қаһармандар әулеті

Мамандығын жалақысының көптігіне қарап таңдайтындар бар. Жалақысына да, қиындығына да қарамай, жанының қалауымен таңдайтындар да бар. Мұнда өз ісіне деген махаббат пен адалдық жатыр. Құтқарушы мамандығына барғандар тіпті, күнделікті жұмысында өмірін, денсаулығын өзгелердің амандығы жолында қауіп-қатерге тігіп жүреді. От пен судың ортасында жүрген бейбіт күннің қаһармандары. 19 қазан – Құтқарушылар күні. Осы бір кастерлі мамандық иелерінің кәсіби мерекесі қарсаңында осы салада адал қызмет етіп жүрген Шәріповтер әулеті туралы айтпақпыз.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шәріповтер әулетінен шыққан тұңғыш құтқарушылардың бірі – Төлеген Шәріпов. Ол еңбек жолын 2000 жылы жылу беру станциясындағы өрт сөндіру бөлімінен бастаған. Бетінді қаритын жалын мен шаң-тозаңның ортасында жүріп, мол тәжірибе жинақтайды. Сөйтіп, 2005 жылы №7 өрт сөндіру бөліміне ауысады. Осы бөлімде 16 жыл тынымсыз еңбек етті. 2016 жылы зейнетке шыққан.

– Әулетімізде өрт сөндірушілер көп. Ағам Ерболат Шәріпов те №7 өрт сөндіру бөлімінде талай жыл еңбек етіп, зейнетке шықты. Ағамның ұлы сол бөлімде бөлімше командирі болып қызмет атқарады. Ұлы әкесінің жолын жалғады. Бағдат Қасымов есімді күйеубалам да сол бөлімде еңбек етіп жатыр. Ол да – бөлімше командирі. Ұлым Нұрболат Төлегенұлы 2019 жылы Отан алдындағы борышын өтеп



келіп, №11 бөлімге өрт сөндіруші болып орналасты. Бұл – ұлымның өз таңдауы. «Өке жолын қуамын», – деді. Інілеріме, балама осы мамандықтың маңызы туралы жиі айтамын. Бұл мамандықта батырлық пен бойдағы сабырдың сыналады. Ең бастысы – адам өміріне жауаптысың. Әлсіздік танытуға болмайды. Әр шақырту – сын, әр сөндірілген өрт – аман қалған

адам, ойрандалмаған тағдыр. Бүгінде сала министрлігі жаңа бөлімшелер ашып, жаңа техникалармен қамтамасыз етіп жатқаны көңілге қуаныш ұялатады! Құтқарушылардың жас буыны үшін қуанамын! – деді Төлеген Шәріпов.

Сурет кейінкердің жеке мұрағатынан

Дерек пен дәйек

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың салдарын жою, сондай-ақ азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті орган ретінде құрылған болатын. Осы жылдар аралығында азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері 26 мыңнан астам адамды құтқарып, мыңдаған төтенше жағдайдың салдарын жойды.

Қарағанды облысының төтенше жағдайлар жүйесінде бүгінде 2 мыңға жуық адам қызмет етеді. Олар – әскери қызметкерлер, азаматтық мамандар және мемлекеттік қызметшілер. Соңғы 5 жылда тек біздің өңірде құтқарушылар 8 мың адамды апатты жағдайларда құтқарып қалған.

Кенжардағы кенен технология

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауы – жаңа дәуірдің айқын нұсқауы. «Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек», – деді Мемлекет басшысы. Бұл сөйлем бүгінде қағазда емес, нақты істе көрініс табады. Қарағанды шахталарының кенжарларында цифрлық сана, жасанды интеллекттің тынысы сезіле түседі...

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жер астындағы ақыл

Қарағанды дегенімізде ойға әуелі жер астында тынбай еңбектенетін мыңдаған таңғажайып тағдыр мен Qarmet компаниясы оралады. Сарыарқа төскейі тұтас елдің өндірістік өкпесі болса, енді сол қос өкпе тынысы біртін-біртін цифрландыру ырғағына ауысып келеді. Алпауыт кәсіпорынның баспасөз қызметі өкілдері хабарлағандай, бүгінде Qarmet өңірдегі барлық шахталарға жаңа бағдарламалық жасактама енгізіп жатыр. Яғни, жер астындағы өмірді көзге көрсетіп, құлаққа естіретін ақылды кеңістік пайда болып жатыр. Әр қимыл, әр үдеріс енді нақты уақыт режимінде көрініс табады. DMMS деп аталатын цифрлық платформа кен орнындағы қалт еткен жағдайды түгел бақылай алады. Тоннельдерде тер төгіп жүрген кеншінің қозғалысынан бастап, алып техниканың жүрісіне дейін экранда тірі суреттей қалқып шығады. Қауіпті аймақтардағы адамдардың орналасқан жері, газдың деңгейі, жердің дірілі бәрі бірегей жүйеге тоғыстырылған. Егер кенші құлап қалса, із болмаса, ұзақ қозғалысыз тұрып қалған болса да, жүйе дереу белгі береді. Ал, орталық диспетчерлік бөлімде жер үстіндегі көз бен құлақ секілді: қажет сәтте жедел байланыс орнатып, жағдайды басқаруға мүмкіндік береді.

Қазірде барлық шахталарға платформаны орнату, тау-кен басқармасы жанынан бірегей орталық диспетчерлік пункт құру жұмыстары қарқын алған. Qarmet тарабы ілкімді істі өнеркәсіптік

қауіпсіздікті күшейту жөніндегі инвестициялық міндеттемелер аясында жүзеге асырып, жыл соңына дейін толық аяқтауды жоспарлап отыр. Айта кету керек, цифрлық платформаны жеткізуші – қазақстандық AG TECH компаниясы. DMMS жүйесі бүгінде әлемнің сегіз жүзге жуық шахтасында қолданылып келеді. Қазақстанда отыз шахта оның тиімділігін әлдеқашан байқап үлгерген. Әл-әзіргі теңдессіз жүйе еліміздің өнеркәсіптік қауіпсіздік тұжырымдамасына енгізіліп, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі тарапынан ресми мақұлданған. Бұған дейін Qarmet көмір департаментінің сегіз шахтасының тек екеуінде ғана позициялау жүйесі толық орнатылған еді. Сол себепті, жаңа платформаның енгізілуі қауіпсіздік ісін жаңа белеске көтеретін шешуші қадам болмақ. Өйткені, атаулы жүйе адам өмірінің күзетшісі, түп тереңдегі сенімді серігіндей.

Кен мен код түйіскен сәт

Бақсак, жер-жердегі тау-кен компаниялары бұрын-соңды болмаған қарқынмен цифрлану дәуіріне еніп барады. Бірі геологиялық ақпараттық жүйелерін игеріп, жер қойнауының қыртысын дерекке айналдырса, екіншісі қарьер мен жерасты техникасын жасанды есепке бағындырған. Ал, енді осының бәрі әсте-әсте біртұтас сандық кеңістікке тоғысып келеді. «Сандық шахта» деп аталатын жаңа дәуірдің есігі. Бүгінгі цифрландыру жер мен адамның, темір

ЦИФРЛЫ ШАХТА

DMMS Цифрлық платформасы

- Барлық шахталарды нақты уақыт режимінде бақылау
- Қауіпті аймақтардағы адамдардың орналасуы, газ деңгейі, жер дірілі бақыланады.

Интеллект және техника

- Жабдықтарды мониторинг: діріл, температура датчиктері**
- Жасанды интеллект талдаудың 90%-ын автоматты түрде орындайды**
- Ықтимал ақауларды анықтау, жөндеуге ұсыныс беру**
- Механизмдердің қызмет мерзімін ұзарту, өндірістің тұрақтылығын арттыру**

мен зерденің арасындағы жаңа одақтың бастауы. Оның жүйесінде техника қозғалысын бақылайтын көздер, жүргізушілердің шаршауын талдайтын сана, кен байыту кезінде экстракция деңгейін өлшейтін жасанды жүрек те бар. Кеше ғана әр цех, әр бөлім өз бетінше жүйе орнатып, цифрлық аралдарға айналды. Геологтар өз шешімін, өндірушілер өз жүйесін, автоматтандыру инженерлері өз құралын енгізді. Енді міне, сол бытыраңқы әлемнің орнына

өңірдің, тіпті, елдің өндірістік экожүйесін біріктірер. Себебі, бүгін санданған, жанданған шахта күні ертең цифрланған экономикаға ойысады. Ал, цифрланған экономика саналы қоғамның, есеп пен ізденістің, ұқыптылық пен үйлесімнің нәтижесі.

Qarmet жабдықтарының техникалық жай-күйін бақылау бөлімінің инженері Виктор Попов компания жабдықтарының сенімділігін арттыру мақсатында цифрлық технологиялар енгізілгендігін, жасанды интеллект негізіндегі диагностика жүйесі турасында аз-кем мәліметті алға тартты.

– Таңдаулы жүйе діріл мен температура датчиктерінен түсетін деректерді талдап, тозу деңгейін болжайды әрі дереу жөндеу амалдарын ұсынып отырады. Жасанды интеллект талдаудың 90%-ға дейінгі бөлігін автоматты түрде орындайды. Осылайша ықтимал ақауларды анықтап, апатты тоқтатулардың алдын алады. Сымыс діріл бақылау жүйесімен біріктірілгенде, жабдықтың жағдайын нақты уақыт режимінде қадағалайтын бірыңғай цифрлық желі қалыптасады. Мұндай шешімдерді механизмдердің қызмет мерзімін ұзартып, жөндеу шығындарын азайтады және өндірістің тұрақтылығын арттырады, – дейді Виктор. Инженер бұрғылау параметрлерін планшеттен бақылайды. Шахтадағы бүгінгі маман – әрі техник, әрі бағдарламашы. Ол жердің тамырын қолымен емес, алгоритммен албарында жете сезінеді.

Деректер дәуірінде

Қарағандының қазыналы қойнауында 10-ға жуық шахта бар десек, оның жылдық жиынтық өндіріс қуаты шамамен миллиондаған тонна көмір өндіреді. Соңғы үш жылда технологияға бағытталған инвестицияларды алпауыт кәсіпорындар цифрлық трансформацияға 80 миллиард теңгеден



астам қаржы сарп етті. Қомақты қаржының басым бөлігі жасанды интеллект жүйелеріне, цифрлық диспетчерлендіру мен қауіпсіздік автоматизациясына бағытталды. Сарапшылардың айтуынша, жаңа технологиялар апатты жағдайларды кемінде 20-25 пайызға азайтады. Жасанды интеллект енді тек көмекші емес, серіктес сана. Ол мәліметті талдайды, болжау жасайды, шешім ұсынады. Бірақ, түпкі түйін – адамның қос қолында. Алгоритм темірдің тілін түсінсе, адам өмірдің тілін түйсінеді. Сол екеуінің үйлесімі – болашақтың өндіріс формуласындай әсер қалдырады. 2030 жылға қарай орталық облыстың тау-кен кәсіпорындары толық цифрлық интеграцияны аяқтауды жоспарлап отыр. Барлық шахталар бірыңғай деректер платформасына қосылып, әр қимыл, әр тозаңның қозғалысы бақыланатын ақылды кен экожүйесі қалыптасады. Экономистердің болжамына, мұндай деңгейдегі интеграция өңірлік жалпы өнім өндірісін 2,5 есеге, ал, өнеркәсіптік еңбек өнімділігін 40 пайызға дейін арттыруы мүмкін. Технологиялық прогресс тек шахтаның қабырғасымен шектелмейді. Маңайдағы қалалардың, ауылдардың экономикасын да жандандырады. Болашақ шахтасы – қауіпсіз, есепті, әрі өздігінен ойлануға бейім кеңістік. Бірақ, ең бастысы, ол адамды қорғау үшін қызмет етеді. Көмірдің әр кесегінің артында бір тағдыр тұр. Ал, жасанды интеллект – сол тағдырды сақтау жолындағы жаңа құрал.

Қазірдің өзінде өңірде ақылды шахталар мен интеллектуалды кеніштер желісі қалыптаса бастады. Технология адамды алмастыру үшін емес, оны қауіпсіз және тиімді еңбекке жетелеу үшін келді. Бұл – Президент Жолдауында айтылған «сандық елге» апарап нақты қадамның бірі.

Несие кімге несібе?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Деректерге сүйенсек, өңірде жас санатына, яғни, 14 пен 35 жас аралығындағы 30 мыңға жуық жастың 90 күннен мерзімі асып кеткен берешегі бар. Яғни, бұл дегеніңіз пайыздық көрсеткішпен шаққанда – 42% құрайды.

– Клиенттердің несие тарихы бір-біріне ұқсас. Қарызды алып алған соң төлемей, соңында банкроттыққа өтініш береді. Мұндай әңгімелерді біз ойдан құрағанымыз жоқ. Бәрі көз алдымызда өтіп жатыр. Айта кетерлігі, несие алушылардың басым бөлігі – әйелдер қауымы. Бұл да статистикалық деректермен дәлелденіп отыр, – деді Қарағанды облысы бойынша «Қарызсыз қоғам» ұлттық жобасының менторы Әсел Атабаева.

Жалпы, банкроттық рәсім соттан тыс және соттық банкроттық деп екіге бөлінеді екен. Екеуінің де өзіндік талаптары мен құқықтық механизмі бар. Бірақ, екеуіне де кез келген адам өтініш бере алмайды екен.

Соттан тыс банкроттық қалай рәсімделеді?

Соттан тыс банкроттық – 6 миллион 300 мың теңгеге дейін берешегі бар азаматтарға арналған. Бірақ, оған кез келген адам өтініш бере алмайды. Заң аясында нақты талаптар бар. Егер борышкер сол талаптарға толық сәйкес келсе ғана банкроттық рәсімі әрі қарай жалғасады.

Біріншіден, борышкердің кемінде бір жылдан бері табысы болмауы тиіс. Яғни, ол осы кезең ішінде ресми түрде жұмыс істемеген болуы шарт. Екіншіден, азаматтың жеке шоттарында немесе электронды әмиянында ешқандай қаржылық айналым тіркелмеуі керек. Бұл оның тұрақты табыстан айырылғанын көрсететін негізгі көрсеткіштердің бірі болып саналады. Ал, үшіншіден, борышкердің атында тіркелген жылжымайтын немесе жылжымалы мүлік болмауы тиіс. Сонымен қатар, несие тарихындағы әр қарыздың мерзімі бір жылдан асып кеткен болуы міндетті. Яғни, тек жалпы қарыздың ғана емес, әрбір несиенің өзінде жеке-жеке төлем кешіктірілуі тіркелуі керек.

Алайда, кейбір банктер мен микроқаржы ұйымдары борышкердің несие тарихында банкроттыққа тапсыруға негіз болатындай деректерді әдейі өзгертіп, «0 күн кешіктіру» деген белгі қойып жатады. Бұл дегеніңіз «просрочка жоқ» дегенді білдіреді. Ал, шын мәнінде қарыз несі бірнеше ай, тіпті жыл бойы төлем жасамаған болуы мүмкін. Мұндай әрекет борышкердің банкроттық рәсіміне тапсыру мүмкіндігінен айырады.

– Егер борышкердің микроқаржы ұйымдарына қарызы болса, бізде арнайы дайындалған өтініш-үлгі бар. Сол хатты біз борышкердің атына рәсімдеп, оның өзіне ұсынамыз. Ал, ол құжатты тиісті микроқаржы ұйымына жолдайды. Бұл ұйымдар борышкердің суранысына ресми түрде жауап беруге міндетті. Жіберілген хат негізінде олар несиенің нақты қанша пайызбен берілгенін, қанша күн кешіктірілгенін және басқа да маңызды мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетіп, жауап қайтарады.



Осы ресми жауапты алған соң біз оны әрі қарай уәкілетті мекемелерге жолдаймыз. Егер борышкер заңда көрсетілген барлық талаптарға толық сәйкес келсе, шамамен екі апта ішінде банкроттық рәсіміне байланысты нақты жауап келеді. Яғни, «жарамды» немесе «жарамсыз» деген шешім шығады. Бұл – алғашқы кезең. Осыдан кейінгі процесс жарты жылға дейін созылуы мүмкін. Осы мерзім ішінде банкроттықтың барлық заңдық рәсімдері толық аяқталады, – деді «Қарызсыз қоғам» жобасының қаржылық сарапшысы Асхат Мейірманов.

Мәселен, сіз бірнеше банктен немесе микроқаржы ұйымынан жалпы сомасы 6 миллион теңгеге жуық несие алдыңыз делік. Кейін айлық төлемін төлеу кезінде түрлі себептерге байланысты кешіктіріп алдыңыз. Бірақ, бұл жерде тек денсаулық мәселесі мен жұмыстан шығып қалу деген себеп қана сыныққа сылтау болады. Ақыры, төлем мерзімі 90 күннен асып, берешек «мерзімі өткен» қарыз санаты-

емес, атыңызда да ештеңе болмауы керек.

– Ақадыр кентінің 37 жастағы тұрғыны осыдан бір жыл бұрын банкроттық рәсіміне өтініш берді. Оның жалпы берешегі – 2,5 миллион. Азамат барлық тиісті құжаттарын дер кезінде жинап, процесс аяқталғанға дейін толық заңды жолмен жүріп өтті. Алғашқы кезеңде, яғни, өтінішті қарау сатысында, ол банкроттық талаптарына сай деген ресми жауап алды. Осыдан кейін біз оның ісін соңына дейін заң аясында жүргіздік. Арада алты айдай уақыт өткен соң сот шешімімен оның берешек сомасы толығымен кешірілді. Әрі осы уақытқа дейін бұғатталған банк шоттары да қайта пайдалануға берілді. Соның арқасында бұл азамат жақсы жұмысқа орналасып, бүгінде тапқан табысын еркін пайдаланып жүр. Бір айта кететін дүние, біз ешқандай жеке кәсіпкермен жұмыс істемейміз. Біздің көмегіміз тек жеке азаматтарға бағытталған, –



мойнында төлем мерзімдері өтіп кеткен бірнеше қарызы бар екен. Ақыры, банкроттық рәсіміне ілігу үшін әдейі жұмысынан шығып кетіпті. Бұл ойланбай жасалған әре-

тапсыру мүмкіндігіңіз де шектеледі. Бұл – заң талабы. Одан бөлек, банкроттық рәсімінен кейін азаматтың барлық қаржылық операциясына үш жыл бойы мониторинг жүргізіліп отырады.

Сондай-ақ, мынандай да айла бар. Шотыңыз бұғатталса, кейбір борышкер жұмыс берушілеріне айлығын шотқа түсірмей, қолма-қол алғысы келетіндерін айтады. Себебі, шотқа түскен еңбекақыдан банк бірден жартысын ұстап қалады. Бұл, әрине, заң бұзушылық. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін жұмыс берушілер өз қызметкерлерін Епбек.kz порталына міндетті түрде тіркеуі тиіс. Бұл – әрі тарапты да заң аясында қорғайтын тетік, – деді Әсел Асанқызы.

Былтырдан бері соттан тыс банкроттық рәсімі арқылы 400-ге жуық азаматтың несиесі кешірілген. Кешірілген берешек сомалардың ішінде ең төменгі қарыз – 35 мың теңге. Егер борышкер банкроттық

бар ақшасынан айырылады. Соның салдарынан кәсібін аша алмаған. Ол түгіл борышкердің өзі мүлдем табыссыз қалып, қарызға белшесінен батқан. Содан кейін ол бізге жүгінді. Біз барлық құжаттарын заң талаптарына сай жинап, сотқа өтініш бердік. Сот отырысында азамат өзінің төлем қабілетсіздігін дәлелдей алды. Несиеге алған қаржыны қалай және кімге аударылғанын нақты құжаттармен көрсетті. Нәтижесінде, сот 41 миллион теңгені құрайтын берешекті толықтай кешіріп, азаматты банкрот деп таныған, – деді Асхат Алиаскарұлы.

«Банкроттық рәсімінің алғашқы кезеңінен бастап сот үкімі шыққанға дейін жарты жыл өтеді» деп айтып жатырмыз ғой. Алайда, әр істе бірдей емес. Кейбір азаматтардың ісі әлдеқайда жылдам қаралып, бір-екі айдың ішінде шешім шығып жатады. Әрине, іс материалдарының толықтығына және құжаттардың

талаптарына толық сәйкес келіп, рәсімнің барлық кезеңінен өтсе, оның бұғатталған шоттары автоматты түрде ашылады. Бұл да заңда қарастырылған дүние. Бірақ, мұндай жеңілдікке жету үшін алдымен борышкер банкроттық процесінің барлық талабына сай келуі шарт.

Соттық банкроттық деген не?

Соттық банкроттық дегеніңіз, керісінше, 6 миллион 300 мың теңгеден асатын берешегі бар азаматтарға арналған. Оның талаптары соттан тыс банкроттыққа ұқсас. Борышкер төлем қабілетсіздігін дәлелдеуі, 90 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешегі мен басқа да заңда көрсетілген шарттарға сай болуы тиіс. Алайда, негізгі айырмашылығы мынада. Егер сіз осы талаптың бәрине сай келіп тұрсыз делік. Бірақ, атыңызда жылжымайтын мүлік бар. Сот сол мүлікті сатуға шығарып, содан түскен қаражатты қарызды жабуға бағыттауы әбден мүмкін.

– Сот – әділ. «Банктен шағым түсті» екен деп, ешкімді баспанасынан айырып тастамайды. Ең алдымен, сот борышкердің нақты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын толық зерттейді. Оның тұрақты жұмысының бар немесе жоғы, қосымша табыс көзі, отбасындағы адам саны бәрі есепке алынады. Сонымен қатар, тек жалақыңыз ғана емес, ай сайынғы шығындарыңызды да мұқият есепке алады. Сот «сіздің атыңызда пәлен үй бар» екен деп, бірден мүлікті сатуға шешім шығармайды. Ол баспананыз, балкім, жалғыз үйіңіз шығар. Яғни, біржақты қарамайды. Сонымен қатар, несиелеріңіз нақты қайда жұмсалғаны да зерттеледі. Қарыз шынымен қажеттіліктен алынған ба, әлде біреулер әдейі банкроттық рәсіміне жүгіну үшін жасанды жолмен берешекке батқан ба, бәрі-бәрі сарапталады. Содан кейін барып сот үкім шығарады, – деді Асхат Мейірманов.

Осыдан бірнеше ай бұрын Қарағанды қаласының тұрғыны 41 миллион теңге мөлшеріндегі мерзімі өткен несиеcін сот арқылы банкроттыққа өткізіпті. Нәтижесінде, қарызынан толықтай босатылған көрінеді.

– Қарағандылық 1984 жылғы азамат екі жыл бұрын өз кәсібін ашуға ниеттеніп, бірнеше банктен жалпы сомасы 41 миллион теңге көлемінде несие рәсімдеген. Қажетті техникаларға алдын ала тапсырыс беріп, жұмысшыларды да іріктеп қойыпты. Алайда, ойламаған жерден алаяқтардың арбауына түсіп,

дұрыстығына тікелей байланысты. Осы аралықта сіздің ісіңізбен сот органдары тікелей айналысады. Әрине, бұл – тегін қызмет емес. Жалпы, осы екі бағытта құжаттарын тапсырып жатқан борышкер ай сайын 85 мың теңге көлемінде төлем жасайды. Бұл сома ешқандай делдалдың, жоба авторларының немесе үшінші бір тұлғаның қалтаcына түспейді. Төлем тікелей сіздің атыңыздан сотқа, яғни мемлекетке төленеді.

– Соңғы екі жылда Қарағанды өңірінде сот тәртібімен банкроттық рәсіміне өтініш бергендердің саны өте аз. Ресми дерек бойынша, небәрі 50-ге жуық адамнан ғана өтініш түскен. Алайда, солардың ішінде талапқа толық сәйкес келіп, ісі сотқа дейін жеткен – бір ғана азамат бар. Ол – 41 миллион теңге берешегі бар қарағандылық.

Бізге өтініш беруге келгендердің құжатын бірден қабылдай бермейміз. Алдымен талапқа сай келетін-келмейтінін қараймыз. Егер сәйкес келмесе, өтініш қабылданбайды. Себебі, соттық банкроттық – күрделі процесс. Ол жарты жылға дейін созылуы мүмкін. Осыны алдын ала түсіндіріп, «Сіз ай сайын сот шығындары үшін 85 мың теңге төлей аласыз ба?» деп те сұраймыз. Көпшілігі осы соманы көтере алмайтынын айтып, кері қайтады. Ал, кейбір азаматтар алған қаржысының нақты қайда жұмсалғанын дәлелдей алмаған соң, процесті соңына дейін жеткізбейді, – дейді Әсел Асанқызы.

Бүгінде заң талаптарын толық менгермей, өзіңше ереже құрып, ойына келгенін істеуге тырысатындар аз емес. Мамандар мұның дұрыс еместігін қайта-қайта ескертіп-ақ келеді. Алайда, айтылған ақылға құлақ асатындар да бар. Сондықтан, бұл мәселені толық зерделеп, заң аясында шешу қажеттігін айтады мамандар.

P.S: Бүгін біз азаматтардың қаржылық жағдайын реттеуге арналған банкроттық рәсімінің екі жолы туралы кеңінен тоқталдық. Алдағы уақытта өңірде жүзеге асырыла бастаған «Төлем қабілетін қалпына келтіру» жобасы, төлем кестесін қайта қарау тетіктері мен коллекторлармен жұмыс істеу мәселесін ортаға салатын боламыз. Сонымен қатар, өңірде пилоттық режимде іске қосылған «Қайта бастау» жобасы жайында да тарқатып жазамыз...

Суреттер
жоба жетекшілерінен



• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

Ұстаз. Ғалым. Тұлға

Отандық тарихты зерттеп-зерделеуде Арқа жерінің тарихшы-ғалымдары сүбелі үлес қосуда. Соның ішінде, тарихи тұлғаларының тағдыры мен өмірі және қызметі туралы еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы сапта Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, тарих факультетінің профессоры Нұрсахан Бейсенбекова – Нұрапай ұстазымыз да тұр.

Ұстазымыз Нұрсахан Ахметқызы бұрынғы Талдықорған облысына қарасты Қапал ауданының Ақтұрма ауылында, Біржан сал мен ақын Сара айтысатын Ешкюлемес тауының баурайында 1950 жылы дүниеге келген.

Он жылдық мектепті сол ауылда үздік бітіріп, 1969 жылы С.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы) Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1974 жылы үздік аяқтайды. Кейін жолдамасын колына алып, өмірлік серігі, археолог-ғалым, профессор Сағындық Жауымбаевпен бірге Қарағандыға ат басын тірейді. 1972 жылдың 1 наурызында Қазақ КСР білім министрлігінің Қаулысымен ашылған, ғалым, әрі ірі ұйымдастырушы Евней Бөкетов алғашқы ректоры болған Қарағанды мемлекеттік – бүгінгі ұлттық зерттеу университетіне жұмысқа орнала-сады.

Міне сол жылдардан бері ұзақ жыл, табан аудармай осы университет қабырғасында жас ұрпақты білім нәрімен сусында-тып, тәлім-тәрбие беріп келеді. Бүгінде Нұрапай ұстаз – ғалым – ана – әже. Балалары Қанат пен Жайнагүл мемлекеттік қызмет-те, немере-шөбере сүйіп отырған өнегелі отбасы.

Ұстаз-ғалым Нұрапай тарих факультетінің студенттері мен магистранттарына Алаш қозғалы-сының тарихы, Отандық тарих-тың тарихнамасы, Педагогикалық ойдың тарихы, Қазақстан Респу-бликасының сыртқы саясаты кур-старынан дәріс оқиды.

Ұстаз-ғалым ретінде әріптес-терімен бірге мектеп оқушылары мен студенттерге арнап оқулықтар жазды. Атап айтсақ, «Қазақстан тарихының тарихнамасы», жалпы білім беретін мектептің 5-7 сы-нып оқушыларына арналған екі тілде «Әлкетану» оқулығы (2018 ж.), «Алматы, осы оқулық халықа-ралық конкурста үшінші орынға ие болды), «Алаш қозғалысының тарихы», «Қазақстан тарихының Отандық тарихнамасы», «Алаш зиялыларының еңбектерін оқы-

тудың әдістемесі», «Рухани мұра бағдарламасын оқытудың әдісте-месі» атты оқулықтары студенттер мен оқушылар үшін құнды еңбек-ке айналған.

Нұрапай өзінің ұстаздық қыз-метінің бір бағыты ретінде Қа-рағанды қаласы мен облысын-дағы Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынұлы, Бауыржан Момышұлы, әл-Фа-раби, Қаныш Сәтбаев атындағы мектептермен және Қарқаралы, Балқаш, Саран, Шахтинск қала-ларындағы мектептермен тығыз шығармашылық байланыс ор-натып, еңбек етіп келеді. Соның нәтижесінде, кеншілер қаласының ілгеріде аталған мектептерінде музей ашылды.

Ұстаздық жұмысының тағы бір бағыты жастарға кәсіби бағыт-бағдар беру саласына арналған. Сондай жұмыстарының бірі ка-ламыздағы Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітап-ханасы, М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханасы, Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы және Абай атындағы облыстық бала-лар кітапханасында «Алаш идея-сы – Тәуелсіздік тұғыры», «Алаш идеясы және Әділетті Қазақстан», «Конституция – Тәуелсіздіктің негізі», «Біртұтас ұлттық тәрбие» атты арнайы дәрістерін оқып, жастарды отансүйгіштікке тәрби-елеуді өзінің басты парызы санап, сол жолда жұмыс атқарып келеді.

51 жыл ұстаздық еңбегінің жетістігі мен нәтижесі мемле-кет пен университет тарапынан лайықты бағаланып, бірқатар ма-рапатқа ие болды. Атап айтсақ, «Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің еңбек сіңірген қызметкері» (2005 ж.), Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің до-центі Қ.Жуасов атындағы сый-лықтың лауреаты (2010 ж.), ҚР Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» (2018 ж.) төсбелгісі, «Қарағанды облысы-ның білім саласына еңбегі сіңген қызметкері» (2019 ж.) төсбелгісі,



Қарағанды қаласының білім беру саласындағы ерекше жетістігі үшін «Әлімхан Ермеков» төсбел-гісінің иегері (2020 ж.) сынды көп-теген марапаттың иегері.

Оқулық жазып, дәріс оқумен қатар, мерейтой иесі отандық ғылымда да елеулі еңбек атқарып келеді. Еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында көпжылғы зерттеу жұмыстарының нәтиже-сінде «Қазақ ССР-ның Шығыс Еуропа елдерімен экономикалық мәдени байланысы» тақырыбын-да диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты атағын алды (1993 ж.).

Ұстаздық және ғылыми білімін жетілдіру жолдарында Мәскеуде-гі М.Ломоносов атындағы және Индиядағы Джавахарлал Неру атындағы университеттерде өткен халықаралық конференцияларға қатысып, баяндама жасаған.

1995 жылдан бастап, бүгін-ге дейін Нұрапай студенттердің «Жас Алаш» ғылыми-зерттеу клу-бын құрып, жастарды ғылымға баулып келеді. 2014 жылдан бері университеттегі «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының ди-ректоры болып жұмыс атқарады. Орталықта 12 жыл қатарынан жас зерттеушілердің республикалық құрылтайын ұйымдастырып, өт-кізіп жүр. Солардың бірегейі 2024 жылы Академик Е.Бөкетовтің

туғанына 100 жыл толуына орай «Тарихтағы тұлғалардың рөлі» атты жас зерттеушілердің Респу-бликалық ХІ Құрылтайы десек бо-лады. Жас зерттеушілерді ғылым жолында ынталандыру және ака-демик Бөкетов есімін ұлықтау мақсатында өзінің қаражатынан марапаттар берілді. Жас зертте-ушілердің құрылтайында жеңіске жеткен жастардың мақалалары ар-найы «Тұлғалар тағылымы» атты жинақта жарияланып тұрады.

Нұрапайдың ғылыми қызы-ғушылығы тұлғалар тағдырына байланысты болғандықтан, зерт-теу жұмыстарының барлығы осы бағытта жүруде. Осыған орай, 2008 жылы ҚР Мемлекеттік және Қарағанды облыстық аймақтық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2.5 млн теңге грант жеңіп алып, «Сарыарқаның ұлы азаматтары» атты монографиясы жарық көрді. 2022 жылы универ-ситетішілік конкурса қатысып, 4,5 млн грант жеңіп алып, «Ахмет Байтұрсынұлы – азаттық қозға-лыстың рухани көсемі» жобасы бойынша ғылыми еңбек жазып, шығарды. 2023 жылы әріптес-терімен бірге университетішілік ғылыми гранттық жобаға қаты-сып, зерттеу жұмыстарын жүргізу-дің нәтижесінде «Адамдар тағды-рындағы Қарқаралы өңірінің білім беру жүйесінің қалыптасуы мен

даму тарихы (ХІХ ғ. екінші жарты-сы – ХХ ғ.)» атты монография жарияланды.

Ұстаз-ғалым Нұрапайдың ұстанымдарының бірі – жанында жүрген жақсы адамды қадірлеу. Осы бағытта «Тұлғатану» ғылы-ми-зерттеу орталығында өзінің әріптестерінің мерейтойларына арнап «Өнегелі өмір» атты серия-мен «Ұстаз. Ғалым. Тұлға» деген жинақ шығып тұрады.

XX ғасыр басындағы ұлт-азат-тық қозғалыстың тарихы Нұрсахан Ахметқызының ғылыми-зерттеу бағыттарының бірі болғандықтан, атақты Қарқаралы құзырхаты-ның тарихына арналған бірнеше ғылыми мақала мерзімді басылым беттерінде, жоғары рейтингісі бар Scopus журналдарда жариялан-ды. Тұлғатанушы ғалым ретінде әріптестерімен бірге «Әлихан Бө-кейхан – ұлт мақтанышы» (2016 ж.), «Нығмет Нұрмақов – тарихи тұлға: Деректік және тарихнама-лық талдау» (2020 ж.), «Орталық Қазақстанның тарихи тұлғасы: Мұстақым Малдыбаев» (2020 ж.), «Культурное наследие этносов казахстана: история и современ-ность (на материалах Централь-ного Казахстана)» (2021 ж.). 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы және бірнеше ғылым магистрі мен кандидатын дайындап шығарды. Ғылым жолындағы еңбектері үшін ұстазымыз «ҚР ғылымына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2019 ж.), «Ерен еңбегі үшін» медалімен (Президенттің Жарлығымен 17 наурыз 2022 ж., №15813), Ахмет Байтұрсынұлы төсбелгісімен (21 қазан 2024 ж.) марапатталды.

Сонымен қатар, облыстық Сарыарқа теларнасы арқылы «Тарих тағылымы» атты арнайы хабарды 2 жыл бойы жүргізіп отырды.

Ғалым-ұстаз ретінде қоғам-дық-саяси жұмыстарға да белсене қатысып, арнайы мекемелердің шақыруымен ғылыми дәріс оқып келеді. Ұлттық қауіпсіздік коми-тетінің облыстық департаментін-де «Тәуелсіздік – тағылымы және Тәуелсіздіктің құндылығы» атты бірнеше дәріс оқыды.

Алаш идеясын насихаттау мақ-сатында ҚР Президентінің жанын-дағы мемлекеттік қызметкерлерді дайындайтын академияда «Алаш – идеясы және әділетті Қазақстан» тақырыбында, Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының Достық үйінде өткен Ресублика-лық ақсақалдар форумында «Алаш

идеясы – Тәуелсіз Қазақстан» секілді тақырыптар ұстазымыз-дың дәрістерінің мазмұнын құрай-ды. Осындай жұмыстары үшін Қазақстан Республикасы Прези-дентінің 2021 жылғы 30 желтоқ-сандағы Жарлығымен «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл» мере-келік медалімен, «Алаш Орданың 100 жылдығы» төсбелгісімен, «Қа-зақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.

Ұстаз ретінде Нұрапайдың шәкірттері жанында жүріп, көпте-ген идеяны бойына сіңірді. Олар-дың қатарында Балапан Әбенев, Бота Әбеннова, Досжан Амиров, Ералы Тоғжанов, Марат Тоғжа-нов, Асхат Аймағамбетов, Бақыт-гүл Абдикерова, Ляззат Шотбако-ва, Гулнара Смагулова, Сағымбай Ботпайұлы, Қойлыбай Асанов, Аманжол Әлтаев, Жарас Кенжеға-ли, Нұртас Смағұлов, Минара Амрина және тағы басқалары бар.

Бұл шәкірттерінің көбі ғылым докторы мен кандидаты, Парла-мент депутаты және бүгінгі күні өзімен бірге ұстаз болып қыз-мет жасайды. Академик Е.Бөке-тов атындағы университетте 51 жыл қызмет етіп, ұстаздық пен ғылымды ұштастыра жүріп, адами бақыттарға жетті.

Арқа жерінде бүгінде Нұрапай аталып кеткен ұстазымызды 75 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Құрметті ұстазымыз Нұрса-хан Ахметқызы, мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге зор денсау-лық, мол бақыт тілей отырып, аяу-лы ұстазымыз Сағындық Обайұлы екеуіңіздің шаңырақтарыңызға күт-берек, ырыс пен байлық тілейміз.

Ұрпақтарыңыз ордалы елге айнала берсін. Сіздер – шәкіртте-ріңіздің, ұжым мүшелерінің, дос-тарыңыздың және ел мен жұрттың алғысына ие болған, үлкен құр-мет пен қошеметке лайықты ға-лым-ұстазсыздар!

Қанат БОДЕЕВ,
PhD доктор,
профессор ассистенті,
Археология, этнология және
Отан тарихы кафедрасының
менгерушісі
Меруерт ХИМАДИ,
педагогика ғылымдарының
магистрі,
Археология, этнология және
Отан тарихы кафедрасының
оқытушысы

• ҚҰРМЕТ

Парасат биігінде

Қазақстан тарихы ғылымының дамуына, ұлттық танымның жаңғыруына өлшеусіз үлес қосқан ғалым, ұстаздық пен ғылым-ды қатар үйлестіріп, бірнеше буын шәкірт тәрбиелеген, білім мен парасаттың дәнін сепкен тарих ғылымдарының кандида-ты, профессор Нұрсахан Бейсенбекова мерейлі 75 жасқа тол-ды. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу универси-тетінің тарих факультетінде ғалымның мерейтойына арналған салтанатты жиын өтті. Мерейтойда арлагер ұстаздар, үзегілес әріптес достары, шәкірттері мен университет ұжымы бас қосып, ғылымның дамуына сүбелі үлес қосқан Нұрсахан Ахметқызы-ның атын ерекше ардақтап, мерейін тасытты. Бұл күн алғаусыз ақ тілектердің шын ниетпен ағыл-тегіл ақтарылған күні болды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғалымның өсіп-өнген, қанат бітірген ортасы, гирбатты жолын тұғырлы еткен киелі шаңырағы – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті. Са-налы ғұмырында Нұрсахан Ах-метқызы университеттің қанша-ма буын шәкірттеріне білім дәнін септі, олардың ғылымдағы жо-лын ашты. Бүгінде бір өзі мәуелі бәйтеректей. Оның дәлелі – кеше мерейтойымен құттықтап, саясы-на жиылған шәкірттерінің көптігі еді. Бүгінде оның алдынан өткен шәкірттер өңірге ғана емес, бүкіл елімізге белгілі азаматтар. Тіпті кейбірі шетелде еңбек етіп жүр.

Бөкетов университетінің ғылы-ми жұмыс жөніндегі прокурторы Еркебұлан Тәжібаев құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілек арнады.

– Нұрсахан Ахметқызы – тау-сылмас энергияға ие, өне бойы патриоттық рухқа толы, жүрегі

ашық жан. Ол – біздің жастарға нағыз үлгі боларлық тұлға. Ол ұзақ жылдар бойы зерттеу орта-лығының қызметі, жобаларды құрастыру жұмыстары аясында өте көп еңбек атқарды. Бұл жұмыс мектеп оқушыларынан бастап, әріптестерімен бірлесіп, конфе-ренцияларға қатысу, ірі халықара-лық іс-шараларға қатысу арқылы жүзеге асырылды. Ұрпақ үшін игілікті іс атқардыңыз. Осы игі істі келер буын әрі қарай жалғас-тыра береді деген үміттемін. Сіз факультет көлемінде ғана емес, түрлі қызмет салаларында белсен-ді жұмыс істедіңіз. Мерейтойы-ңызға жиналған, тілек білдіруге келген қауымның көптігі – сол еңбегіңіздің айқын дәлелі, – деді Еркебұлан Мұратұлы.

Ол мерейтой иесіне универ-ситет ректоры Нұрлан Дулатбе-ковтың атынан Алғыс хат пен гүл шоғын табыстады. Сондай-ақ, университет тарапынан сый-лықақы берілетінін атап өтті.

Салтанатты жиынға Қараған-



ды қалалық мәслихатының төраға-сы Алтынтөре Бөкенов қатысып, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаттары Асхат Аймағамбетов пен Құдайберген Бексұлтановтың ғалымның мерейтойына құттықта-уын жеткізіп, мәслихат депутатта-рының атынан сыйлық табыстады.

– Сіздің бастамаңызбен құрыл-ған «Тұлғатану» зерттеу орталығы – қазақ руханиятына қызмет етіп келе жатқан іргелі орда. Бұл орта-лық арқылы сіз ұлттың ұлы тұлға-лары, өмірі мен мұрасын зерт-теп, олардың өнегесін жас ұрпақ санасына сіңіргеніңіз. Осы мерейлі сәтте зор денсаулық, ұзақ ғұмыр,

сарқылмас шабыт тілеймін, – делінген Мәжіліс депутаттарының құттықтау хатында.

Сонымен қоса, мерейтойда облыстық ішкі саясат басқарма-сының мамандары облыс әкімі Ер-мағамбет Бөлекпастың құттықтау-хатын оқып, гүл шоқтарын табыс етті. Құттықтау хатта Алаш қозға-лысын жаңаша баяндап, Тәуелсіз Қазақстанның тарихын қалыптас-тыруға қосқан өлшеусіз еңбегі аталған. «Сізді халық зиялы тұлға ретінде ғана емес, ұлағатты ұстаз, шынайы ғалым ретінде, ел ісін биік қоятын абзал жан ретінде құр-меттейді. Ел сізді «Нұр апай» деп

ардақтап, үлкендер сый, кішілер үлгі тұтады», – делінген.

Аналар кеңесінің төрағасы Ай-жан Қиясова Нұрсахан Ахметқы-зына алғаусыз ақ тілегін айтып, Қазақстан халқы Ассамблеясының атынан мерейтой иесіне шапан ки-гізді.

Қарағанды облыстық білім бе-руді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Бақыт-гүл Әбдікерова мен мектеп ди-ректорлары арнайы құттықтап, ізгі тілегін арнады. Сондай-ақ, білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаевтың құттықтауын жеткізді. Бақытгүл Әбдікерова

тарихшы ғалымның білім сала-сын дамытуға мол үлес қосқанын айта келе, Нұрсахан Ахметқызына арнап шығарылған республика-лық деңгейдегі «Заманауи білім» журналын табыс етті. Ғалымның толық өмірбаяны, жүріп өткен жолы, елге сіңген еңбегі журнал санында жарық көрді.

Сонымен қоса, ақын Айнұр Жаппарқұлова «Нұр сәулемі Нұр апай» атты өлеңін оқып берді.

Теміртаудағы қыздар гимна-зиясының директоры Алмагүл Құ-сайынова арнайы келіп, Нұрсахан Ахметқызының мектепке музей ашуға көмек көрсеткен еңбегін атап өтті. Мерейтойына ізгі тіле-гін арнап, гүл шоқтарын сыйлады.

Мерейтойға жиналған қауым Нұрсахан Бейсенбекованың тарих ғылымына қосқан үлесі, терең білімі және зерттеушілік еңбегін жоғары бағалап, өзгелерден ерек адами болмысын аша түсті. Нұр-сахан Ахметқызының ұстаздық жолы – жас ғалымдар мен білім алушылардың бірнеше буыны-на үлгі. Тіпті, ғалымның шетел-дегі шәкірттері де бейнежолдау арқылы мерейтой иесіне ізгі тілек-терін жеткізіп жатты.

Бұл мерейтой жақсының жақ-сылығы айтылған, елге сыйлы жанның мерейін тасытқан ерек-ше күн болды. Біз де ғалым-ұстаз Нұрсахан Ахметқызына ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз!

*Сурет
ұйымдастырушылардан*

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жастарға тың мүмкіндік

Қоғамның қозғаушы күші – жастар. Оларды қолдап, қуаттау – болашақты бекемдейтін маңызды іс. Осы орайда облыста жастармен жұмыстың жаңа форматы енгізіліп, әлеуметтік және шығармашылық бағыттағы тың жобалар жүзеге асуда.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде бұл бағыттағы бастамалар іс жүзінде нақты жүзеге асып келеді. Жастардың жігерін жанып, жол ашуға, қоғам өміріне етене араласуына мүмкіндік беретін жобалар саны күн санап артуда. Ал, сол жобалардың тасының өрге домалауына облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы білек сыбана кірісіп келеді.

Қазір аймақта 14 Жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Олардың негізгі мұраты – 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтардың өз әлеуетін дамытуына, шығармашылық және кәсіпкерлік қабілеттерін шыңдауға барынша жағдай жасау. Ең бастысы, барлық қызмет түрі тегін көрсетіледі.

– Қазір көп ұйымдар тек студенттермен ғана жұмыс істейді. Өйткені, олармен жұмыс істеу – тиімдірек. Жастар санатына 14-35 жас аралығындағы барлық жан кіреді десек, бұл істі кең көлемде жандандыруымыз керек. Сол себепті де біз осы олқылықтың орнын толтыруға тың бағыттағы жобалар қарастырып жатырмыз, – деді Жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Кабегенов.



Орталықта бүгінде түрлі бағыттағы қызмет көрсету алаңдары бар. Оларға – подкаст студиясы, дизайн, дыбыс жазу студиясы, дәріс залы, коворкинг аймағы жатады. Мұнда әр жас өз қызыққан саласы бойынша жұмыс істеп, қарым-қабілетін шыңдай алады. Мамандардың айтуына қарағанда, шешендік өнер, домбыра, шығармашылық, ән жазу, бизнес клуб, кітап оқу және кәсіби бағдар (профорентация) секілді сан-салалы бағытты алдағы уақытта іске асыру көзделген.

Басқарма бастамасымен, жігерлі жастардың ұйымдасуымен ауқымды жобалар қолға алынды. Ел көлемінде есірткіге қарсы күрес бағытында жұмыс істейтін «Esbol qoғu» атты іргелі ұйым бар. Таяу арада қаламызда да осы ұйымның

бөлімшесі ашылды. Мұнда 50-ден астам волонтер жұмылдырылып, ай сайын 15 рейдтік шара өткізу жоспарланған. Сондай-ақ, 20 жасқа дейінгі жасөспірімдермен профилактикалық жұмыс жүргізіп, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсетеді.

Осы айда NEET санатындағы жастарды қоғам өміріне бейімдеуге бағытталған «Next Ugra» лагері ұйымдастырылды. Бес күнге созылған бағдарлама барысында 100-ге жуық жас коуч-тренерлермен кәсіпкерлерден көшбасшылық, кәсіби бағдар және қаржылық сауаттылық жөнінде сабақ алды.

Ал, ауылдық жерлердегі жастардың әлеуетін арттыруды мақсат тұтқан «Ұлт қазынасы» бастамасы – пилоттық жоба. 14 пен 25

жас аралығындағы ауыл жастары менторлармен бірге жұмыс істеп, өз кәсібін ашуға және туған жерінде дамуға мүмкіндік алады. Үздіктер «Saryarqa-jastary» платформасында онлайн дауыс беру арқылы анықталып, «Ұлт үміті» және «Ұлт мақтанышы» сыйлықтарымен марапатталады.

Бүгінгі жастар – ертеңгі ел тұтқасы. Мемлекеттің іргесін бекемдейтін мықты жастардың шыңдалуы да қоғамның өркендеуіне сүбелі үлес қосады. Нақты нәтижеге бағытталған жобалар – жастардың мүмкіндіктерін молайтып, олардың қоғамдағы орнын айқындай түседі.

Сурет Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармадан

• ӨНЕР ӨРІСІ

Арайлы әуеннің «Арайы»

2012 жылдың көктемінде Қ.Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінде «Арай» ансамблі құрылған еді. Сол жылы өзінің алғашқы туған күніне орай, К.Станиславский атындағы облыстық орыс драма театры сахнасында акустикалық концерт беріп, кәсіби өнердегі әуелгі қадамын өте биік дәрежеде бастаған болатын. Ұжым құрамында республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттары қызмет етіп, жаңа буынмен табысты алмасуда.



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Александр Севостьянов, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Меруеш Башай, Мәдениет саласының үздігі Гүлбану Серікова, Медет Осатаев, халықаралық және республикалық конкурс лауреаттары Ксения Николаева, Арайлым Жүкенова, Ершат Қонақбаев, Төлеген Сармұтдинов, Айдан Тұңғышбаев, Әсел Іргебай, Виталий Федоров ауқымды, ірі іс-шараларға белсене атсалысып келеді. Астана қаласында өткен

«EXPO-2017» Халықаралық көрмесі, 2018 жылы Жезқазған қаласы мен Ұлытауда өткен Халықаралық «Жезкіңі» фольклор фестивалі, Қазыбек би мен Бұқар жырау Қалқаманұлының 350 жылдықтырына арналған ауқымды концерттерде «Арайлықтар» алдыңғы лектен көрінді.

Бұл ұжымның ең ерекше тұсы – жеке ән кештерін жиі өткізіп, халық алдында шығармашылық концертін табысты жалғастырып келеді. Шетел сахналарында да өз

өнерін паш етіп жүр. Атап айтсақ, АҚШ, Біріккен Араб Әмірліктері, Индонезия, Түркия, Әзірбайжан, Украина, Қытай, Монғолия, Башқұртстан елдерінде қазақ әндерін әуелеткен.

Ансамбльдің әр жылдардағы көркемдік жетекшілері: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Александр Севостьянов, Дәуренбек Әрқенов, Сержан Мұсайын сынды қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосып жүрген өнерпаздар. Қазіргі уақытта көркемдік жетекшісі –

Санжар Өшкенов.

Гүлбану Серікова облыстық «Ариадым саған!» телевизиялық эстрада конкурсының, Арайлым Жүкенова 2016 жылғы Ш.Қалдаяков атындағы Халықаралық «Менің Қазақстаным» фестивалінің, Медет Осатаев Ә.Қашаубаев, Ж.Елебеков, Е.Беркімбайұлы, М.Бәпиұлы, Қ.Аманжолов, Ә.Найманбайұлы атындағы Республикалық конкурстардың лауреаттары екені концерттік бірлестік үшін зор мақтаныш!

«Арайлықтардың» репертуары классикалық туындылар мен романстардан, халық әндері мен қазіргі заман эстрадасы, поп музыканың көптеген бағыттарынан құралған. Сонымен қатар, ансамбль орындаушылары Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің, Еркеғали Рахмадиев атындағы академиялық симфония оркестрінің, джаз оркестрінің, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен әртүрлі жанрдағы туындыларды асқан шеберлікпен орындайды.

Өннен маржан тізген «Арай» ансамблі өңіріміздің алтын алқасы екені сөзсіз.

Марал НҮРТӨЛЕУОВА, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік редакторы Суретті түсірген автор

Еске алу



Қарқаралы ауданына қарасты дауыппаз ақын Қасым ауылында туып өскен **Бақытжан Сәдуақасұлы АХМЕТБАЕВ** 1947 жылдың 10 мамыр айында дүниеге келген.

Онжылдық мектепті бітірген соң Қарқаралы қаласындағы Зоотехникалық мал дәрігерлік техникумға оқуға түсіп, оның Зоотехникалық және Веттехникалық екі факультетінде жақсы оқып, диплом алды. Кейіннен Алматы қаласындағы Зооветтехникалық мал дәрігерлік институттың ветеринарлық факультетін оқып бітіреді. Қарқаралы қаласындағы Зоотехникалық мал дәрігерлік техникумға оқытушы болып, көп жылдар абыройлы еңбек жасады. Кейіннен жоғары білімді жас маман жолдамамен Жамбыл ауылында бас мал дәрігері болып қызмет атқарды.

Аяулы әкеміз отбасының тірегі, аяулы жар бола білді. Биыл дүниеден озғанына 10 жыл толып отыр. Үлкенге ізетті, кішіге кішіпейіл, бауырмал ашық-жарқын мінезімен еліне жакты.

Бүгінгі күндері асқар таудай әкеміздің рухына дұға бағыштаудан басқа амал жоқ. Жатқан жері жайлы болсын, амал дөптері оң жағынан ашылсын, алдынан жарылқасын, жаны жәннатта болсын – деп Алладан рақым, Пайғамбардан шапағат тілейміз. Әкеміздің жарқын жүзі, адамгершілігі әрдайым жадымызда сақталады. Топырағы торқа болсын о дүниеде!



Еске алушылар: **жұбайы, балалары мен немере жиеңдері.**

№387

• ДІН – ДІҢГЕК

Толеранттылық – қоғамның қалқаны ретінде

Діни экстремизм – діни догмаларды түсіндірудің шектен шыққан түрі, ол өзге көзқарастарға төзбеушілікпен, зорлық-зомбылыққа шақырумен және өз сенімін күштеп таңу әрекеттерімен сипатталады. Қазіргі әлемде діни экстремизм ұлттық қауіпсіздікке, қоғамдық тұрақтылыққа және құқықтық тәртіпке төнетін ең қауіпті қатерлердің бірі болып қала береді.

Экстремистер қоғамдық тәртіпті бұзуға, зайырлы заңдарды діни заңдармен алмастыруға, ал, кейбір жағдайларда мемлекеттіліктің негіздерін толығымен жоюға ұмтылады.

Діни экстремизмнің алдын алу – бұл тек күш құрылымдарының ғана міндеті емес, сонымен қатар, мемлекеттің зайырлы негіздерін нығайту, ағартушылықты дамыту, адам құқықтарын қорғау және толеранттылықты қолдау бойынша кешенді жұмыс. Азаматтық қоғам алдын алуға белсенді қатысушы болуы тиіс. Ата-аналар мен оқытушылар, қоғамдық ұйымдар, мәдени және діни бірлестіктер – рухани құндылықтарды алудың негізі.

Зайырлы мемлекеттің негізгі қағидаттары – құқықтық теңдік, ар-ождан және дін еркіндігі, білім берудің зайырлылығы, сондай-ақ, діни қызметтің ашықтығы және оның заңдылығын бақылау. Мұн-

дай жағдайларда діни экстремизмнің алдын алу жүйелі және тиімді бола түседі.

Зайырлы мемлекет әртүрлі діни және діни емес дүниетанымдардың бейбіт қатар өмір сүруі үшін онтайлы платформаны ұсынады, радикалдылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алады. Оңтайлы профилактикалық жұмыс қоғамның кеңінен қатысуынсыз болмайды, сонымен қатар, әртүрлілікті құрметтеу және заңның догмадан жоғары болуы керек.

Тек азаматтық қоғамның барлық институттарының діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған ортақ жұмысы жағдайында ғана деструктивті идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру туралы айтуға болуы керек.

Елена Сергеевна ШАРАБУРА, Қарағанды облысының **ҰЕҰ клубы** №194

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fm.kar@minfin.gov.kz

Д

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы «Life09» ақпарат агенттігінің қызметкері Айжан Абдрахмановаға әлкесі **Айнагүл ЖАБАҒЫҚЫЗЫНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ИМАН

Интернет діни ұстаз бола алмайды

Қазақтың ұлы ағартушы ұстазы **Ыбырай Алтынсарин**: «...**Айшылық алыс жерлерден, көзді ашып жұмғанша, жылдам хабар алғызды**» деп жырлап кеткені анық. **XXI ғасыр – виртуалды әлемнің ғасыры болғандықтан, қазіргі ақпараттық қоғамда діни білім мен ақпаратты интернеттен іздейтіндер саны күннен-күнге артып келеді.**

Әлеуметтік желілер, бейне-жазбалар мен түрлі сайттар діни тақырыптарды кеңінен таратауда. Дегенмен, бұл ақпараттардың барлығы бірдей шынайы, дұрыс және сенімді дереккөзге негізделмейді. Сондықтан, интернет – діни ұстаз бола алмайды, ол тек қосымша құрал ғана болуы тиіс.

Біріншіден, дін – өте жауапты және терең білімді талап ететін сала. Діни үкімдер мен түсіндірме-

лер арнайы білім алған, тәжірибелі ұстаздар мен ғалымдардың пікірі арқылы берілуі қажет. Ал интернетте кез келген адам өз ойын айтып, діни үкім секілді тарата алады. Бұл – адасушылыққа, теріс ағымдардың таралуына жол ашады.

Екіншіден, интернет арқылы алынған ақпараттың сенімділігін тексеру қиын. Кейбір сайттар мен парақшалар экстремистік немесе деструктивті діни ағымдардың

ықпалында болуы мүмкін. Олардың мақсаты – жастардың санасын улап, қоғамда іріткі салу.

Үшіншіден, нақты діни ұстаз бен интернет арасындағы басты айырмашылық – жауапкершілік пен түсіндірме беру мүмкіндігі. Шынайы ұстаз шәкіртінің жағдайын түсініп, нақты сұраққа толық жауап бере алады. Ал интернеттегі бейне немесе мәтін адамның жеке жағдайын ескеріп жауап бермейді.

Төртіншіден, зайырлы мемлекет жағдайында діни білім ресми тіркелген мешіттер мен медреселерде, уәкілетті діни ұйымдар арқылы берілуі тиіс. Бұл – қоғамның діни қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Сондықтан жастар мен қоғам мүшелеріне діни сауат алу үшін интернетке емес, ресми діни мекемелерге, білікті теологтарға және ҚМДБ-ның (Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы) ресми өкілдеріне жүгіну ұсынылады.

Интернет арқылы дін жайлы ақпарат алу онай болғанымен, оның салдары кейде өте ауыр болуы мүмкін. Себебі желіде шынайы білімді мамандардан бөлек, білімі таяз немесе теріс бағыттағы адамдар да пікір таратады. Олардың мақсаты – діни білім беру емес, өз ойларын насихаттау, кейде жастарды адастыру болуы мүмкін.

Көп жағдайда адамдар дұрыс

ақпарат пен жалған ақпараттың айырмасын ажырата алмай, діни ұстанымына кері әсер ететін мәліметтерге тап болады. Бұл әсіресе жастар үшін қауіпті, өйткені олар дінді енді үйреніп жатқан, көзқарасы қалыптаспаған кезеңде болады. Сондықтан діни сұрақ туындаса, интернеттен емес, мешіттің имамына, теолог маманға немесе ресми діни басқармаға жүгіну керек. Әлеуметтік желілерде белгісіз парақшалардың уағыздарына сыни көзқараспен қарау қажет.

Әр ақпараттың дереккөзін тексеру – әр адамның өз жауапкершілігі. Діни сауаты бар адам жалған ағызға ермейді, өз сенімін дұрыс қалыптастырады және қоғамда

татулық пен тұрақтылыққа үлес қосады. Ал, діни сауатсыздық – экстремистік және деструктивті ағымдарға жол ашады.

Қорытындылай келе, интернет – ақпарат көзі, бірақ діни ұстаз емес. Дінді үйрену – жауапты іс. Дұрыс діни білім – қоғамдағы тұрақтылық пен бірліктің кепілі. Сондықтан діни білімді тек сенімді, ресми дереккөздерден алу – әр азаматтың міндеті мен жауапкершілігі.

А.ЖҰМАШ,
Ақпараттық түсіндіру жұмыстары және БАҚ-пен байланыс бөлімінің маман-теологы **kazislam.kz**

д

• МЕРЕЙТОЙ

Қаламгерге құрмет

Бұқар жырау аудандық Мәдениет үйінде Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері, облыс пен республикаға белгілі журналист Аман Жангожиннің 80 жас мерейтойы қарсаңында «Тарихыңды таны – тұлғанды құрметте» тақырыбында кездесу кеші өтті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аман Жағдаұлын оқырманға таныстырып жату артық шығар. Осы ауданның Жастілек ауылында 1945 жылдың 2 қарашасында дүниеге келген ол орта мектепті, одан әрі Қарағанды политехникалық институтының тау-кен факультетін бітіргеннен кейін қайласын қаламға айырбастап, бүкіл саналы ғұмырын баспасөз саласымен байланыстырған. Оның еңбек жолының көп бөлігі облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде өтіп, мұнда қатардағы тілшіден бас редактордың бірінші орынбасарына дейін көтеріліп, зейнет демалысына шықты.

Жангожиннің журналистік қызметінде алған атақ-марапаттары бір басына жетерлік. Ол Қазақстан Журналистер одағының, облыс әкімінің «Алтын сұңқар», мәдениет қызметкерлері арасындағы «Алтын жолақ» сыйлықтарының лауреаты, Қазақстанның «Мәдениет қайраткері», «Қарағанды облысының Құрметті ардагері» төсбелгілері мен «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағының, «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Парасат» орденінің иегері. Оған қоса «Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы» атағы да бар.



Міне, осындай абыройлы азамат, жерлес журналистерінің 80 жылдығына арналған кездесу кешін аудандық орталық кітапхана мен тарихи-өлкетану мұражайы ұжымы ұйымдастырып, оған келген көпшілік әуелі Мәдениет үйінің фойесіндегі Аман Жағдаұлының өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін фотолары және әр жылдарда жарық көрген кітаптары, алған марапаттары мен ол туралы жазылған мақалалардың көшірмелері мен киындылары қойылған көрмені көріп, тамашалады.

Келесі кезекте көрермендер залында үстел басында болған ди-дарласу сәтінде мерейтой несінің атына қаншама мадақ сөздер мен құттықтаулар айтылып, жүрекжарды лебіздер ағытылды. Осы салтанат үстінде Бұқар жырау аудандық мәслихатының хатшысы Асхат Әли Аман Жағдаұлының қалам күшімен елге, соның ішінде туған жеріне сіңірген орасан еңбегіне тоқталып, оның Бұқар жырау, аудан энциклопедияларын жасаудағы өлшеусіз қызметіне тоқталып, аудан әкімі Ерлан Құсайынның Алғыс хатын

тапсырып, мерейгердің иығына шапан жапты.

Бұдан соң сөз алған бала күнгі досы Төкен Арбабаев Қарағанды қаласының мектеп-интернатында жатып оқыған кездерін сағынышпен еске алса, аудандық кітапхана директоры Айгүл Жексенбаева мерейтой иесін құттықтап, өз ризашылығын жеткізді.

Ал, жерлес іні қарындастары Бауыржан Нұрахметов пен Жібек Сарыбаева да өз құттықтау тілектерінде ауылдастары Амандай ұлын мақтан тұтатынын, оның Жастілек ауылының 90 жылдығына арнап жазған (1922 жылы) «Ауылым жатыр Өткелсіз алабында» деректі кітапшасының әр үйдің төрінде тұрғанын айта, осы жолдардың авторы да әріптес әрі ұстаз ағасына алғысын айтып, арнау өлеңін оқыды.

Мынау қым-қуыт тірлікте ақырын жүріп, анық басып, қырықтан астам кітап жазып, шығарып, абырой биігіне көтерілген Аман ағамыз кеш қорытындысында сөйлеген сөзінде жерлестерінің ыстық ықыласы мен көрсеткен құрметіне рақметін айтты.

Бұл кездесу кешінде ауданның «Гүлдер» үлгілі би тобының бишілері мың бұрала билеп, жергілікті өнерпаз әнші Сая Халидолла ән шырқады.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген
Жанұзақ МАКИШЕВ

• ТАЭКВОНДО

Ел абыройын асқақтатты

Таэквондодан Италияда өткен жасөспірімдер, ересектер және ардагерлер арасындағы ITF әлем чемпионатынан отандастарымыз олжалы оралды. 10 алтын, 10 күміс және 19 қола жүлде еншілеп, жалпыкомандалық есепте үздік бестіктің қатарына енді. Ал, ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық спортшылар бұл бәсекеден 3 алтын, 6 күміс және 12 қола жүлде еншілеп, құраманың үздіктер қатарынан көрінуіне зор үлесін қосты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байрақты бәсекеге әлемнің 69 елінен 1200-ден астам спортшы қатысты. Ал, ел атынан 72 таэквондошы өнер көрсетіпті. Оның ішінде, 16-сы – қарағандылық спортшылар. Жерлестеріміз бұл бәсекеде жеке-кей және командалық спарринг, формальды жаттығулар, өзін-өзі қорғау, арнайы техника және күштік сын бағыты бойынша бақ сынады. Тіпті, көптеген спортшымыз жоғары деңгейде өнер көрсетіп, бір емес, бірнеше медаль иеленгені бар. Атап айтсақ, ардагерлер арасында, яғни, 45-59 жас санатында өнер көрсеткен Әлия Сүлейменова алтын және қола медаль жеңіп алды. Ол спарринг бағыты бойынша үздік нәтиже көрсетіп, алтыннан алқа тақты. Сонымен қатар, формальды жаттығуда да бақ сынап, қолаға қол жеткізген болатын. Бұл бәсеке ардагеріміз

үшін алғашқы турнирдің бірі емес. Бұған дейін де әлемдік турнирлерде топ жарып, ел абыройын асқақтатқан. Ал, осы бір турнирде әлемнің үш дүркін чемпионы атанып қайтты.

Ұлттық құрама сапында облыс намысын қорғаған Марлен Шалтақов, Дулат Құрмансейітов және Азамат Сәбитов сынды ардагерлеріміз де бар. Бұл спортшылар да кезінде кәсіби спортпен айналысқан. Алайда, біршама уақыт қол үзіп қалған. Араға талай жыл салып, қайтадан татамиде оралған. Төрт ардагеріміз осы бір санатта өнер көрсетіп, барлығы 1 алтын, 3 күміс және 2 қола жеңіп алды.

Екінші алтынның иегері – Медина Дауленова. Ол әлемдік бәсекеде қарсылас шақ келтірмей, тұғырдан көрінді. Өрі өңірден шыққан Қарағанды ITF таэквондо федерациясы тарихындағы әйелдер арасындағы алғашқы әлем чемпионы



атанып, тарихқа есімін қалдырды. Ал, үшінші алтынды 14-15 жас аралығындағы спортшылар санатында өнер көрсеткен Айтуар Сайранов иеленді. Ол спарринг кезеңінде қарсыластарын тізе бүктіріп, жоғары ұпай еншіледі.

– Спортшыларымыз бар күшін салды. Мінез танытып, жеңіске деген жігерін көрсетті. Әсіресе, чемпиондарымызға алғысымды біл-

діремің. Барын салып, соңына дейін көрсетті. Өрі Қарағанды таэквондо мектебінің әлеуетін көрсетті. Біз чемпиондармен мақтанамыз, – деді Қарағанды ITF таэквондо федерациясының президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Валерий Когай.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» сәтсіздікке ұшырады

Хоккейден ел чемпионатының XVI туры тәмам. Өкінішке қарай, бұл кезең қарағандылық «Сарыарқа» үшін оңайға соқпады. Жерлестер сырт алаңда Петропавлдың «Құлагерімен» кездесіп, 4:5 және 2:3 есебімен жеңіліп қалды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізі, жерлестер бұл қарсыластарын ірі есеппен жеңіп жүрген болатын. Биыл жыл басынан бері бес мәрте кездесе, соның бесеуінде де қарағандылықтардың асығы алшысынан түскен. Тіпті, әр ойында қарсыластарға екі шайбадан артық соғуға мүмкіндік те бермеген. Бірақ, осы жолғы кездесу қарсыластардың пайдасына шешілді.

Бірінші кездесуде жерлестер

белсенділік танытты. Алғашқы минуттан-ақ шабуылға шығып, есеп ашып үлгерді. Шайба авторы – Сергей Барбашев. Бірақ, көп ұзамай алаң иелері таразы басын теңестірді. Дегенмен, бірінші айналымда қос команда қанша мәрте шабуылға шықса да, бұдан артық шайба соға алмады.

Екінші айналым – қарағандылықтардың пайдасына шешілді. Ойынның 31-минутында Егор Кузьменко шайба салып, командасын алға шығарған еді. Іле шала қарсыластар да шабуыл ұйымда-

стырып, ақыры таразы басын теңестірген. 36 минутта қарағандылықтар сапынан Данила Карaban соққы жасап, есеп ашты. Таблодағы көрсеткіш – 3:2.

Үшінші кезеңде «Сарыарқа» шабуылшысы Егор Смолянинов төртінші шайбаны салып, есепті еселеген-тін. Енді бұдан кейін ойын соңына дейін қорғанысқа күш салу қажет. Сондықтан, барлық ойыншы төмен түскен.

Алайда, қарсыластар қарап қалған жоқ. Қос қапталдан шабуыл ұйымдастырып, соққыны қарша



боратты. Нәтижесінде, ойынның 50 және 54-минутында қос шайба салып, таразы басын теңестіріп

• ФЕСТИВАЛЬ

Әуенді «Сарыарқа» шақырады

Қазанның 17-сі, 21-і, 25-і және 26-сы күндері кеншілер шаһарының төрт сахнасында өңіріміздегі ең жарқын мәдени жобалардың бірі – Халықаралық XXVI «Әуенді Сарыарқа» фестивалі өтеді. Бірнеше күн бойы қала тұрғындары мен қонақтары тек классикалық симфониялық бағдарламалар мен вокалдық туындыларды ғана емес, сонымен қатар, джаз жанрындағы әндерді де тыңдай алады.

Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрі

17 ҚАЗАН 18.30

XXVI “Әуенді Сарыарқа” халықаралық фестивалі

С.Сейфуллин атындағы театр

Өзбекстанның халық әртісі Дамир Рахмон (тенор, Өзбекстан)

Башқұртстанның халық әртісі Азат Айтқұлов (құрайшы, Башқұртстан)

және бірлестіктің жеке орындаушылары қатысады

Дирижер - Мәдениет саласының үздігі, оркестрдің бас дирижеры Ерлан Бақтыгерей

Жүргізуші - Мейрамгүл Қарипжанова

karfilkz 41-22-28, 42-54-72 kino.kz

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы фестивальға Қазақстан, Өзбекстан, Башқұртстан, Польша және Италия елдерінің өнерпаздары қатыспақ.

Фестивальдың ашылуы 17 қазанда Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасында өтеді. Академиялық Тәттімбет атындағы ұлт аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен Өзбекстанның Халық әртісі Дамир Рахмонов пен Башқұртстанның Халық әртісі Азат Айтқұлов өнер көрсетеді. Дирижерлер – оркестрдің көркемдік жетекшісі, Мәдениет саласының үздігі Ерлан Бақтыгерей, оркестрдің бас дирижеры, Мәдениет саласының үздігі, Халықаралық конкурстардың лауреаты Абулхадир Сәлімбаев.

21 қазанда Кеншілер мәдениет сарайында Қазақстанның Халық әртісі, әнші әрі композитор Ескендір Хасанғалиевтің 85 жылдығына арналған кеш өтеді. Фестиваль қонағы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,

композитор Біржан Хасанғалиев. Дирижер – оркестрдің бас дирижері, Мәдениет саласының үздігі Ерлан Бақтыгерей.

Ал, 25 қазанда «Аманат» партиясының залында Е.Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестрдің концерті өтеді. Кештің қонақтары – Өзбекстанның Халық әртісі Дамир Рахмонов, Италиядан келген опера әншісі, Халықаралық конкурстардың лауреаты Амати Мартини Мануэль, Польшадан келген опера әншісі, халықаралық конкурстардың лауреаты Новак Бартош, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Медет Чотабаев (Астана).

Фестивальды 26 қазанда Қарағанды циркінде өтетін Қарағанды джаз оркестрінің концерті қорытындылайды. Солистер – Айдан Тұңғышбаев, Ксения Николаева, Даир Темірғалиев. Дирижер – оркестрдің көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Игорь Ан-дрейченко.

Сурет клубтың әлеуметтік желісіндегі парақшасынан

 Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJВKZXX БИН 000840001412	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді. Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Өлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.		Тарапымы 3 512 №115 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактор Е.К. МҮСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген Кезекші редактор Мақжан ҚҰДАЙБЕРГЕН	
		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	
		Электрондық пошта: ortaltyk.kz@gmail.com; ortaltyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortaltyk.reklama@mail.ru			